



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ғылыми кітапханасы

Филология ғылымдарының докторы, профессор

ЕРГӨБЕК ҚҰЛБЕК СӘРСЕНҰЛЫ

*шығармаларының библиографиялық
көрсеткіші*

Түркістан 2014

УДК 01
ББК 91.9:80
Қ 74

Құрастырғандар:

Абсеметова М.А., Қуанышбаева Ш.А., Шайхыстамова М.Б.

Құлбек Ергөбек. Библиографиялық көрсеткіш. Алғаш рет басылуы.

Қ 74 Құрастырғандар: Абсеметова М.А., Қуанышбаева Ш.А.,
Шайхыстамова М.Б. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ. – Түркістан, «Тұран»
баспаханасы, 2014 ж. 72- бет

ISBN 978-601-243-420-0

Бұл библиографиялық көрсеткіш сынши ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Гуманитарлық ғылымдар академиясының Халықаралық Ш.Айтматов академиясының академигі, Қазақстан Жазушылар Одағы Басқарма мүшесі, Халықаралық Алаш сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стипендиясының (Президенттік) иегері Ергөбек Құлбек Сәрсенұлына арналған.

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің КР-ның Білім және ғылым министрлігінің өкілі I проректор қызметінен бастап, казіргі таңда Бас кеңесші – Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры қызметін атқаруда. Бұл библиографиялық көрсеткіш алғаш рет басылып тұр.

УДК 01
ББК 91.9:80

Филология ғылымдарының докторы, профессор ЕРГӨБЕК ҚҰЛБЕК СӘРСЕНҰЛЫНЫң қысқаша өмірі туралы мәлімет



Әдебиетші, сыншы, публицист, филология ғылымының докторы, профессор, Гуманитарлық Ғылымдар академиясының Халықаралық Ш.Айтматов академиясының академигі, Қазақстан Жазушылар, Журналистер одактарының мүшесі, Қазақстан Жазушылар Одағы Басқарма мүшесі, Халықаралық Алаш сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стипендиясының (Президенттік) иегері Ергөбек Құлбек Сәрсенұлы 1952 жылы 26 желтоқсанда

Оңтүстік Қазақстан облысы, Отыrap ауданындағы Ақынтоғай ауылында, шопан отбасында дүниеге келген. Алты жасында әкеден жетім қалды. Балтакөл елдімекенінде мектепке барды. Күйікасарда (Түркістан ауданы), Арыс қаласында окуын жалғады. 8 сыныпты Арыс кеншарында, орта мектепті Отыrap ауданында аяқтады. Аудандағы Жамбыл атындағы орта мектепті бітірген соң, 1970-1975 жылдары Әл-Фараби (С.М.Киров) атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін оқып, аяқтайды.

1975 жылы Қазақстан Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты бейнелеу өнері бөліміне ғылыми қызметке қалдырылды. 1976 жылы Республикалық халық шығармашылығы үйінде аға әдіскер, 1976-1978 жылы «С.Мұқанов музей-үйінің» аға ғылыми қызметкері, 1978-1980 жылы «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш»). Әдебиет және өнер бөлімі тілшісі, аға тілшісі, 1980-1987 жылы С.Мұқанов музейінің ғылым бөлімінің менгерушісі, 1987-1990 жылы «Социалистік Қазақстан» Егемен Қазақстан газетінің Әдебиет және өнер бөлімінде қызметкер, 1990-1992 жылы Қазақстан Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер, Консерваторияда доцент, «Ақиқат» журналында бөлім менгерушісі (бір мезетте), 1992-1997 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде доцент, профессор, кафедра менгеруші, декан, Ректордың ғылым істері жөніндегі орынбасары, «Қазақ әдебиеті» газетінің бөлім менгерушісі, 1997-1999 жылдары Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Қазіргі қазақ әдебиеті» бөлімінде Бас ғылыми қызметкер, бөлім менгерушісі болып қызмет істеді.

1999 жылдың қыркүйегінен Түркістан қаласы әкімінің руханият мәселелері жөніндегі орынбасары, 1999-2003 жылды Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімі аппараты бастығының қоғамдық-саяси мәселелер жөніндегі орынбасары, облыс әкімі кеңесшісі болып қызмет атқарды.

2003-2013 жылдары ғалым-сыншы Қ.Ергөбек Түркістан қаласындағы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің вице-президенті КР Білім және Ғылым министрінің өкілі қызметін атқарды.

Қазіргі таңда Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Бас кеңесші – Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры қызметін атқаруда.

СЫН САРДАРЫ

«Ергөбековті Ергөбековтей бақайшағына дейін жіліктей шағып, жіліктей зерттеп, жіліктей түсіндіру үшін тағы бір Ергөбеков керек. Таңғалдыра біледі. Тамсандыра біледі».

Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ

Қазақ поэзиясы, прозасы, драматургиясы, театр, кино, балалар әдебиеті, деректі әдебиет, деректі-ғұмырнамалық әдебиет, мемуар, эпистолярлық әдебиет... қарап отырсақ, әдебиет сыншысы Құлбек Ергөбектің бұған дейін дидарына сыйғызып, дүниетанымы арқылы барлап, бағамдал, қаламымен талдап, таразылаған жанр үлгілері міне, осылар екен. Қазақша айтқанда, қазақ әдебиетінде ол араласып пікір айтпаған, толымды мақала, толғакты ойын бөліспеген жанр жоқ секілді. Жасырмай айттар болсақ, бұрын әдебиетте сөз болған жанр үлгілерін дамыта, жаңаша талдап, соны сөзін айтып келеді. Бұрын әдебиетте сөз болмаған жанр үлгілерін теориялық тұрғыдан бағамдал, өз ойын айтып әдебиет көгіне жүлгелеп шығарумен келеді. Бұл сыншы регіндегі еңбектерінің жалпы сипаты.

Оның сыртында Құлбек Ергөбек еліміздің іші-сыртына кең танымал ғалым емес не?! Ғылымдағы оның аңсары – шығармашылық лабораториясы. С.Мұқанов, Б.Кенжебаев, Ә.Тәжібаев... акын, жазушы, ғалым дегендегі үш бірдей әдебиет тұлғасының әдеби мұрасын жеке шығармасының тарихынан тартып, шығармашылық психологиясына дейін архивтік материалдар негізінде жіті зерттеп, азаматтық тұлғасы мен қаламгерлік тағдырын қамшының өріміндегі өзара сабактастыра, жымдастыра талдап, күллі жетістік, кемшилігін жана методология арқылы ашып, тыннан пайымдал ұлттық әдебиеттану ғылымиында жаңаша өріс ашып отыр.

Таяуда ғана «Егемен Қазақстан» газеті бетінде (31 қазан, 2012 ж.) заманымыздың дара тұлғалы жазушысы Әбіш Кекілбайұлы сыншы жайында әлгіндегі («Ергөбековті Ергөбековтей бақайшағына дейін жіліктей шағып, жіліктей зерттеп, жіліктей түсіндіру үшін тағы бір Ергөбеков керек. Таңғалдыра біледі. Тамсандыра біледі»), – деген көсем пікірін ашық айтты. Бұл не деген сөз? Бұл – Құлбек Ергөбек бүгінгі әдебиетте көрнекті сыншылық тұлға, оның қаламынан туындалған әдеби сын, ғылыми еңбектер арнайы назар аударапты, арнайы талдап сөз етерлі елеулі дүние деген сөз! Ол еңбектердің бірсытырасы шет ел тілдеріне аударылып та кітап болып жарық көріп отыр. Олай болса, көрнекті әдебиет сыншысының бұған дейін жазған, жасаған еңбектерін (мынға тарта мақала, отызға жете кітап) жалпы шолуды осымен аяқтап, жеке жанр жайлы ойларын жеке-жеке талдасақ жөн болар асылы.

«БӨБЕК ДЕП, ӨБЕКТЕП...»

Оның өзі айтады: «Мен балалар әдебиеті сыншысы болып қалыптасар ма едім, жоқ па, егер тамаша балалар ақыны Әнурарбек Дүйсенбиев мені ҚазҰМУ-

дың филология факультетіне окуға түсіріп, үйінде жүргенде балалар ақындарымен таныстырып, олардың өлеңдерін оқытып баулымаса?» – деп.

Жас талантқа әдебиетке келу жолында ықпал ететін факторлар әр түрлі болады емес пе?! Әнуарбек Дүйсенбиевтей тамаша балалар ақыны Құлбек Ергөбекті әрі жоғары оқу орнына түсіреді, әрі өзінің замандас, қанаттас балалар ақынының жыр жинақтарын ұсынып оқытады, түсінік-пайымын сұрап біліп, бақылап тәрбиелеп бағады. Қандай тамаша қамкорлық?!

Құлбек Ергөбектің балалар әдебиеті бойынша жазған алғашқы рецензия, мақалалары да аяулы ағасы Әнуарбек Дүйсенбиев туралы. Ол Әнуарбектің «Қайырлы таң, балалар» аталатын жыр жинағына пікір жазады. Ол ақынның прозалық «Ақ қозы» аталатын әңгімелер жинағына «Автор және «Ақ қозы» аталатын мақаланы және жазады. Сәл кейіндеу жарық көрген «Гүлзар» ертеғілер мен өлеңдер жинағын да назардан тыс қалдырмайды. «Лениншіл жас» газеті бетінде сейлейді. Тіпті оның жасөспірімдерге емес, ересектерге арнап жазған «Ақкулы айдын» өлеңдер мен поэмалар жинағына да «Айдын беті ақша нұр» деген атпен «Қазақ әдебиеті» газеті бетінде макала жариялады. Әрине, Әнуарбек Дүйсенбиев сыншыны студент кезінен тәрбиелегендеге өзі жайында жаздыруды ойламаған, міндеттемеген болуға тиісті. Жас сыншының қамкорлығын көп көрген ақын ағасына ризашылығынан туындаған мақалалар болар. Ақын Әнуарбек Дүйсенбиев қайтыс болған сон «Добрая душа» деген атпен бүкілодактық «Детская литература» (1982 ж., №7) журналында тағы да мақала жариялаганы бәрі де сол аяулы ақынға деген өтмелек парыз болса керек. Макаланы орыс тіліне аударып, әрі Әнуарбек Дүйсенбиев өлеңдерін тәржімалап «Детская литература» баспасынан кітап етіп шығарған аса үздік орыс балалар ақыны Юрий Наумович Кушак болыпты.

Егер де Құлбек Ергөбек тек Дүйсенбиев Әнуар жайында ғана мақала жазып, балалар әдебиетінің өзге мәселелері, өңге ақын-жазышылары жайында ат ізін салмай қойса – ыңғайсыз-ақ болғандай еken. Жок. Қ.Ергөбек балалар әдебиетінің өзге де әр буын өкілдері жайында жазды. Жазғанда да біліп жазды, сүйіп жазды. «Біліп жазды» дейтініміз қалай? Оның ала-бөтен себебі бар. Балалар әдебиеті бір қараганда қарапайым, балалардың қабылдауына орай жеңіл жазылар дүниелер болуы керек. Ал, сол бала қабылдауына лайықты етіп жырлау, жасөспірім танымына ыңғайлап қарапайым жазу – қаламгерлік шеберлікті талап ететін аса бір ақыреттік шаруа. Ондай шеберлікке жету үшін балаға айтқалы отырған әлемді бала тіліне түсіре білуін керек. Ол әлемді бала тіліне ыңғайлау үшін алдымен өзің бала болып байқауын керек. Осы айтылған барша талап – қаламгердің бала психологиясына енүінен басталады. Бала оқытатын ұстаз болғандықтан білеміз: баламен бала болып сөйлеспесең ол саған ішін ашпайды, сырын айтпайды. Балаларға жазатын қаламгер атаулы да солай істеуі керек. Балаларға арналған сол әдеби өнімді енді келіп сыншының тануы, танып талдауы ол да бір проблема. Ол үшін әдебиет сыншысы да бала психологиясына енүі керек. Бала болып ойладап, бала болып окуы керек балаларға арналған туындыны. Жас мөлшері кішкене бұлдіршіндерге арнап мейлінше қарапайым жазылған туындының қаламгерлік қиналыспен алынған

шеберлік кілті екенін түсінуі тиіс. Сонда ғана әлгі қарапайымдылық астарындағы қадірлі сипаттар танылады. Таныған дүниенде бала қабылдауымен салыстыра отырып ашу... міне «біліп жазуымыз» осы! Балаларға жазатын қаламгер құпиясын ашып, шеберлігін қолмен ұстағандай етіп айтып беру үшін сыншы да шебер болуы керек. Сонда ғана бір жанрдағы шеберлік екінші жанр (сын) адамына өз құпиясын ашпақ. Ол үшін балалар жазушыларына керекті сүйіспеншілік сыншыға да керек. Құлбек Ергөбекті балалар әдебиетін біліп жазатын, сүйіп жазатын сыншы дегенде біздің айтпағымыз осы жайлар!

Бәлкім, Құлбектің қазақ балалар әдебиетіне барлау жолы Ә.Дүйсенбиевтің «Не деу керек?», «Шірік алма», «Автобуста», «Күшті болсам егер мен?» сияқты классикалық нұсқаларын танудан, талдаудан басталса керек. Сыншы ақын ағасының аталған өлеңдерін балаларға бағытталған поэзия ерекшелігі тұрғысынан анық талдады. Қала берді поэтикалық туындыны бала оқушының қабылдауы жөнімен де келіп дәл бағалай білді.

Жеп түр Әсет алманы,

Інісін еске алмады.

– Маган да аздап бер, – дейді,

Әсет оған бермейді.

– Қекәй жеуге болмайды,

Айта көрме ондайды!

«Шірік алма», – деп қойды,

Сөйтті де өзі жеп қойды.

Баланың өзімшілдігі, баланың інісіне айтқан уәжі, бала мінезіне айналып шуакты құлкі шақыратын тамаша өлең туған. Өлеңді талдай келе сыншы Қ.Ергөбек: «Асылында, ақындық бақыт дегенініз балалар әдебиетінде аз сөзді, көп мағыналы тапқырлық. Балалар әдебиетіндегі тапқырлық – баламен бала болу, сәбимен сырласу, соның салдыр-салақ ісінен, кір батпақ ізінен мазақтама өлең түзу, тәтті тілінен бал тамызу, тентек ісінен тәлім түю» («Арыстар мен ағыстар» бірінші том. 113 бет.) – дейді. Дәл тауып айтылған сөз. Балалар әдебиеті шығармашылық психологиясына ене білген сыншының түйіп айтқан ой-түйіні.

Қ.Ергөбек балалар әдебиетінің сыншысы ретінде Ә.Тұрманжанов, С.Бегалин, С.Омаров, Б.Сокпақбаев, Қ.Әбдіқадыров, М.Әлімбайұлы, Ж.Смақов, М.Жаманбалинов, Қ.Баянбаев, Н.Әлімқұлов, Ж.Кәрібозин, Т.Дәуренбеков, С.Әлімқұлов сынды бірсыныра балалар ақын-жазушыларының шығармашылық портретін жасады. Соның ішінде Ә.Тұрманжанов туралы жазылған «Заманы аямаған, тағдыры аялаған» аталатын сынни очерк кітабын аса бір толымды еңбек деп қарар едік. Ол еңбек жайында жазушы Дулат Исабеков: «Арыстар мен ағыстар» атты кітабын тереңнен сөз қозғаған, балалар әдебиетін нағыз ғалым ретінде жан-жақты зерттеген аса құнды еңбек деп білемін. Қазақ балалар әдебиетінің классигі Өтебай Тұрманжанов жайлы жазған тарауың нағыз ғылыми, нағыз көркем шығарма» – деп бағалапты. Әрі ғылыми, әрі нағыз көркем шығарма дейтін себебі – Қ.Ергөбек аталған кітабын (Жеке кітап болып

та басылды.) ғылым мен деректі-ғұмырнамалық проза жанрының түйісінде, жіті талдау мен көркем баяндау мәнерінде жазған.

Сыншы осындай мәнерді Жақан Смақов, Мұбәрак Жаманбалинов, Бердібек Сокпақбаев жайында жазған сын мақаласында да ұстанады. Мол білім, жіті тану, жете талдау, шығарманы автор өмірбаянымен қабыстыра әсем әңгімелей, сонында шынайы бағалау бар. Аталған үш қаламгерді де қазақ балалар әдебиеті классигі дәрежесіне көтере талдаған, бағалаған, солай жазған сыншы Құлбек Ергөбек. Тіпті әдеби ортада бағаланбаған Жақан Смақовтың («Бебек деп, өбектеп өткен талант») әдеби мұрасын төгіле талдап жазғанын Жұсіпбек Аймауытұлының «Мағжан ақындығын...» талдауымен сабактастырсақ артық болmas.

Балалар әдебиетін жасаушы – қаламгерлер. Соңдықтан балалар әдебиеті екілдерін портреттік талдау – жарасымды. Алайда, әдебиеттің әр саласының өзінің дербес жанрлық проблемалары болары хак. Құлбек балалар әдебиеті проблемаларын өзінің бірсыптыра толымды, толғакты мақаласында талдады. Соның кейбірі «Балалар әдебиетінің бақшасында» «Балдырған» журналының жылдық тәжірибесін жинақтау, «Жыл мен жыр» – балалар поэзиясының бір жылдығын сараптау, «Үлкен жанр үлгісі» – балаларға арналған поэма, дастандарды жүйелей әңгімелей, «Ұрпак алдындағы ұлы парыз», «Келешектің әдебиетін қайтпек керек?», «Келешек пен берешек» – балалар әдебиетін дамыту жайында проблемалық сөз, «Жас өркен және жауапкершілік» – Б. Серікбаев, Е. Ерботин, А. Сәрсекев, К. Қыбыраев сынды бір буын балалар ақыны шығармаларын талдау, «Жаңалық басы – дәстүрге адалдық» – балалар прозасын жинақтай бағамдау, «Жұмбак – жүйрік ойдың жүлдесі» – жұмбак жанрының генезисіне барлау, бүгінін талдау, келешегіне жол ашу, «Сылдырап аққан бұлақтай...» – өздері құрастырған «Шынашақ» антологиясына алғы сөз, жанр табиғатына барлау, «Даланың алды мен ғалымы туралы туындылар» – кезінде сәтімен ұйымдастырылған «Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы» сериясы бойынша жарық көрген С. Бегалиннің «Бала Шоқан» және К. Эбдіқадыровтың «Қажымұқан» туындыларына архивтік тың материалдар арқылы келіп, лабораториясын аша жазылған алғы сөз!

Құлбек Ергөбек – әдебиеттің әр жанры, жанрды өрістеткен, өркендеткен әралуан таланттары жайында жазып келе жатқан әмбебап әдебиет сыншысы. Соның кайсысында да ол зерттей жазады. Зерттей жазғандықтан біліп жазады. Біліп жазған, жанын салып сүйіп жазған сыншы маман сыншы әлбетте. Зерттей жазатындықтан да шығар, К. Ергөбектің сын мақалалары ғылыми нәрмен нәрленген, айтылар ой-пікірі құнарлы, түйілер түйін ғылыми, орындалуы жөнінен әрлі де нәрлі шығып отырады. «Кішкентайларға арналған үлкен әдебиет балалар әдебиетінің тамырын басып, бар-жоғын түгендеп жүрген бірден бір тұракты сыншымыз осы К. Ергөбеков. «Ұрпак алдындағы ұлы парыз» деген бөлімге топтастырылған мақалалар балалар әдебиетінің әр қырын жақсы сөз етеді, тіпті, кітаптағы ең бір шырайлы беттер осылар десек асырып айтқандық бола қоймас. Балалар әдебиетінің әр жанры бойынша не туындырылды, олардың кемшілігі мен жетістігі неде, бүгінгі балаға ұсынылатын

қаһармандар қандай болуға керек – осының бәрі жанашыр жүрекпен жақсы сөз етіледі. Оның үстіне, Құлбек бұл саладағы белгілі автордың творчествосын да, есімі елге беймәлім талапкердің тырнақалдысын да назарда ұстап отырған ынта-ықыласты сыншы ретінде ырза қылады». («Белес» – 2007ж. 24 б.) – деп бағалайды Ж.Ерман сыншының бұл саладағы еңбегін.

Қ.Ергебек сыншы В.Белинскийдің «Балалар жазушысы болып қалыптаспайды, туа жаратылады» – деген сөзін жиі еске алады. Сол сияқты балалар әдебиеті сыншысы болып қалыптасу да онай шаруа емес. Бұның қатпай бұла қалпында Энуарбек Дүйсенбиевтей тамаша балалар ақыны тәрбиесін көрген ол балалар әдебиетіне «Бебек деп, өбектеп...» қарайтын тума балалар әдебиеті сыншысы. «Детская литература» журналының бас редакторы С.П.Алексеевтің Қ.Ергебекті «Балалар әдебиетінің өз сыншысы» атауы да осыдан туса керек. Балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаев: «Құлбектің бірсыныра еңбектерінің ішінен мен әсіресе қазақ балалар әдебиеті жайындағы сыншылық ізденисін бөлектеп айтамын. Өйткені қазақ балалар әдебиеті – іздеушісі жок, проблемасы көп әдебиет. Жас сыншы өз сын мақалаларымен осы әдебиеттің көптеген проблемаларын көтеріп келеді.

Қ.Ергебек – балалар әдебиеті мәселелерін біліп, түйсініп, терең талдап жазатын сыншы.

Балалар әдебиетінің жолы ауыр. Ал сынның жүгі екі есе ауыр. Жүгі ауыр жанрға маманданған Құлбек Ергебек!» («Белес» - 2007ж. 12 б.) – деп батасын берген еken. Ол бұл салада қазақ әдебиеті деңгейінен асып, кезіндегі бүкілодақ өресінде еңбек еткен, кезінде әлденеше ұлттың балалар әдебиеті жайында одактық деңгейде сөйлеген кең өрісті, ең бастысы бала психологиясы, қабылдау ерекшелігін жіті бақылап, олар жайындағы шығарманы жете талдайтын «Бебек деп, өбектеумен...» келе жатқан кемел сыншысы саланың!

ҰЛКЕН ДОСЫ ӨЛЕҢ-ЖЫРДЫҢ

Құлбек Ергебек бұрын «Арыстар мен ағыстар» аталатын бір кітабын арнайы қазақ поэзиясын талдауға арнағаны мәлім. Жақында «Ел-шежіре» баспасынан оның «Өлең сөз» аталатын көлемді, қалың сын кітабы жарық көрді. Бір сын кітабы түп-түгелімен қазақ поэзиясын талдау. Бір жанрға басы бүтін бір кітап арнау қазақ әдеби сыннанда бұрын-сонды кездесе қоймаған секілді. Кісінің ойландырады. Әдеби сында тақырыптық тұтас кітап жасаудың бір артықшылығы – бірінде айтылмаған ой екінші бір еңбегінде айтылады, бір мақалада сабакталмаған пікір екінші мақаласында сабакталады. Содан да кітап қана тұтас болмайды, сыншы қазақ поэзиясын жүйе-жүйесімен тұтастыра ой сабактаған болып шығады.

Өлең шіркін ежелден халқымыздың жан серігі, рухани уызы. Мейлі қаламгерлікке, мейлі қайраткерлікке бет алсын, қазақ азаматы алдымен қазақтың кара өлеңімен ауызданар еді. «Бесік жырынан» бастап ел сырын татаусыз толғайтын өлең-толғаулар мен ықылым замандық қыса-дастандармен сусындаған қазақ баласы ұлттық рухта өсер еді, қазақтың ұлттық рухына адал болар еді қашан да. Бүгінгі қаламгер атаулыға, қайраткер атаулыға жетісе бермейтін мәселенің бірі, міне, осы болса керек.

Әдебиетті тірі организм десек, оның да өріс ашып өркендер, оның да еңіске құлдырап еңсе түсірер сәттері аз болмады. Соның қай-кайсысында да ойпаның орнын толтырып қазактың қара өлеңі жүрер еді.

Құлбек Ергөбек те қазактың бір баласы ретінде поэтикалық фольклормен ауызданған болса керек. Бастамашы профессор Б.Кенжебаевтың тәрбиесін көрген ол XV-XIX ғасырларда жасаған жыраулар поэзиясымен де ерте танысып, өзіне рухани қорек етіп ала білген шығар. Ұлы Абайдан басталатын поэзиядағы ілгері ізденіс, іркіліс атаулы оның алақанында болса керек. Тіпті кеңестік кезеңнің рухсыздыққа тәрбиелеген кер заманының саясаты әсерінен ұзақ уақыт жабық жатып, жәмиғаттан тыс ұсталған ұлтшылдар поэзиясы да оған жас кезден жат болмаған сынды. Өйткені, Қазактың Ұлттық университетіндегі оқып жүргендеге ұдайы қасына ала жүріп тәрбиелеген ұлы ұстазы – ұлт ұстазы дерлік профессор Бейсембай Кенжебаев болды емес пе?! Бұл жайларды айтып отырганымыз, Құлбек сыншының поэзия туралы сын мақалаларында қазақ поэзиясының арғы-бергі дәстүрі туғел қатысып отырады. Бүгінгі күн поэзиясы туралы қалам тербесе де қазақ өлең дәстүрі органикалық түрде араласып, біте-қайнасып бара жатады.

Құлбек Ергөбектің поэзия сыншысы ретінде қамтып жазған тақырыбы, шолған кеңістігі, үзген жемісі қандай?

Ол қамтыған кеңістік ұлы Абайдың жақұт жырларынан тартып күні бүгінге дейін желіленіп келеді еken. Әйтпесе, бүгіннен тарих тереңіне қарай ақырын-акырын жүріп бара жатқан адамның кейпі. Әдетте әдебиет сыншысы қазіргі заман ақын-жазушылары жинағына пікір жазып бастайды. Құлбек Ергөбектің сыншылық жолы да студент партасынан бастау алады. «Жұлдыз» журналының қызыметкерлері, кезеңнің отты сыншысы Сағат Әшімбаев пен ақын Шемішбай Сариев студенттердің арасына келеді. Ол әдебиетке жас талант тауып алып келу дәуірлеп тұрған кез. Әңгімелесе келе Ж.Дәдебаев, Т.Омаров, Қ.Ергөбекке жаңадан жарық көрген үш ақынның жыр жинактарын ұсынады. Олар – С.Асанов, С.Сейтхазин, Ә.Күмісбаев. Үшеуі де ұзатпай сын мақала жазып береді. Сонда Құлбектің жазған мақаласы «Жана жинақтың жаңалығы неде?» – деп сұраулы басталады еken. «Жұлдыз» журналының 1974 жылғы №12 санында жарық көрген мақала бүгінгідей мадақ емес, мактау емес, тұздықты аңы сын. Поэзия сыншысы ретінде оның жолы осылай басталған.

Алғаш ықадамда жазылған рецензиялар – шығармашылық активіне қосыла қоймас. Ә.Дүйсенбиевтің «Ақкулы айдын», Е.Зікібаевтың «Ақ қайын» жыр жинағына жазған, бірі «Жұлдыз» журналында, келесісі «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған рецензияларын ол кітабына қоспалты. Дүйсенбиев артықтау мақталғанымен, Еслем Зікібаев жинағы туралы тағы да аңы сын алдымыздан шықты. Демек, сыншының жанр талабына қарай принципті, ұстанымға берік болып қалыптасып келе жатқанының белгісі.

Одан беріде сыншы қаламынан қаншама ақын туралы қаншама мақала жазылды?! Соның ішінде бізге ұнайтыны «Дүлдүл ақын, дүлей жыр» (С.Торайғырұлы), «Сүлей ақын, сыршыл жыр» (Ә.Тәжібаев), «Бұлбұл ақын, бұла жыр» (С.Мәуленов), «Бауырмал талант, биязы жыр» (Қ.Мұсірепов),

«Қазақ поэзиясының сәулеткері» (Қ.Шанғытбаев), «Токашқа айналған Торқысбек...» (Т.Бердияров), «Айда өмір сүріп жатқан ақын...» (Ә.Нұргалиев), «Жарылмаған жанартай...» (Ж.Ерман), «Жазылған жыр, жазылмаған мақала жайлы сыр...» (Т.Көпбаев) сынды мақалалары. Сын мақалаларда қазақ поэзиясының белгілі бір тұлғасын назарға ала отырып, оның поэзиясын жанжақты қараушылық бар. Әр қырынан қарап терең талдаушылық бар. Мақала тақырыбының өзі өлеңнің жолдарындай бір-бірімен үйлесіп, үндесіп жатады емес пе?! Сол секілді әлгі мақалаларға тән мінез – ақынның өлендегі мінезін, мінезден туатын ерекшелікті буын ұстағандай дәл тауып, оны ақынның өзімен жарыскандай көркем тілмен талдай білуі. Мақалалардан поэзияны сүйген ақынкөңіл сыншының мінезі аңғарылады. Сыншы еңбегін М.Әлімбайұлының «Жырға бергіз сырлар» аттайтыны да осындай ерекшелігінен туса керек. Егер жүрекке жүрек ашылмаса, ақын жүрегіне ақындық көнілмен барып кіrmесе ақынның поэтикалық сырьы ашылар ма, өлендік өрнегі сырьын алдыраш ма?! Сыншының ақынды, оның поэзиясын зерттеудегі өзіндік мәнері осындай! Оны сыншы атанып жүрген замандастарынан ерекшелейтін, сейтіп даралайтын да осы мәнер.

Тағы бір аңғарылатыны – сыншы поэзиядағы ерекше тұлғага назар аударады. Соның шығармасын назарға іледі. Сұлтанмахмұт, Әбділда, Сыrbай, Өтежан расында қазақ поэзиясының қадау-қадау тұлғалары емес пе?! Бұл аталған ақындар жайында қазақ сынинда аз жазылмаған да шығар. Алайда, өзгені шығырау, өзгені қайталау Құлбектің сыншылық мінезіне жат. Ол өленді өзінше оқиды, өзінше көреді, өзінше таниды, өзінше талдайды. Әдебиет сыншысына керекті ең басты қасиет те осы болса керек.

Оның үстіне табиғаты сыншы бола тұра, заты зерттеуші болғандықтан шығар, әйтеуір бір бастап зерделеген ақын шығармашылығы жайында әр қырынан келіп, әлденеше рет оралып, жазады да отырады, жазады да отырады. «Дүлей ақын, дүлдүл жыр» атаған Сұлтанмахмұт Торайғырұлы жайында үш дүркін, «Сүлей ақын, сыршыл жыр» деп таныған Әбділда Тәжібаев жайында отыз алты мақала, «Айда өмір сүріп жатқан ақын...» атап Өтежан Нұргалиев жайында екі мәрте арнайы жазыпты. Ал қазақтың Сыrbай Мәуленовтей ақыны жайында «Бұлбұл ақын, бұла жыр», «Мазан жүрек, маздаған жыр» атап екі дүркін мақала жарияласа, қазіргі таңда оны ақындық жайлы сын кітабына, сыр кітабына айналдырып жүр екен. Тынғылықты зерттеу, тиянақты сыншылық!

Ол жұрт жіңі жазған ақындардың поэзиясынан гөрі көбіне әдебиетте көп атала бермейтін, бірақ шынайы таланттарға назар аударады. Мәселеге нақтырақ келейік, Ғұбайдолла Балақадыровты жұрт біле бермейді. Ол жиырмасыншы жылдары саяси қысымға шыдай алмай өзін-өзі бауыздап өлтірген ақын екен. Сыншы соның поэзиясын кезіндегі газет-журнал беттерінен іздең, тауып «Жана алмай маздал жас кеткен...» аталатын мақала жазды. Баймағамбет Ізтөлин – жалындал шығып, жас кеткен ақынның бірі. Оның әдеби мұрасын С.Мұқанов архивінен тауып, ол жайында «Жалынғұмыр жалғасы» атап мақала жазған сыншы Құлбек. Қосжан Мұсірепов талантты бола тұра әдебиетте көп әңгіме арқауына айнала қоймаған ақын. Көп жыл елеусіз, ескерусіз кеткен ақын

жайында жазылған сыншы мақаласы елеулі дер едік. Өмірдегі еменнің иір бұтағындай қисық, қыңыр міnezіне орай әдеби орта қабылдай қоймаған ақынның бірі – Өтежан Нұргалиев. Өтежан Нұргалиев жайында «Еменнің иір бұтағы», «Айда өмір сүріп жатқан ақын» атап екі мәрте макала жазып, «заманымыздың ұлы ақыны» деп түйген де сыншы Құлбек Ергебек. «Жақсылық жасауға асық еді» атап Кабдікәрім Үйдіровты, «Сырлы саз, жырлы наз» атап Сағи Жиенбаевты, «Мейір гүлдеген жүрек...» атап Әнуарбек Дүйсенбиевті, «Махаббат – пірім, сенгенім...» деп Жүсіп Қыдыровты, «Ақын еді ол көкірегіне гүл өскен...» деп Сабырхан Асановты, «Рух туын жықпай өткен қаламгер...» атап Бекен Әbdіразаковты өз тарапынан ашқан, ақындық мәнерін, бір-бірінен ерекшеліктерін анық таңып, халыққа қайыра танытқандай етіп мақала жазған сыншы да Құлбек Ергебек!

Казіргі таңда ол өзінің замандастары Аманхан Әлім, Ұлықбек Есдәulet, Есенғали Раушанов, Тыныштықбек Әbdіkәkіmов, Байбота Серікбаев поэзиясы жайында жүйелі ізденіс үстінде. Поэзия сыншы, зерттеушісі ретінде Қ.Ергебектің тағы бір ерекшелігі – ақынның шығармашылық лабораториясына ене жазады. Ақын табигатын өлеңнен, өлең ерекшелігін ақынның өзінен (міnezінен) іздел табады. Ақынның өзімен жарыса жазып, көркем тілмен жараса талдағанда өлеңдегі айтылған ой да, айтылмақ ой да қос-қабат қамтылып жатады. Сын жанрына тән мәнер – жинақтау және талдау. Ергебек осының екеуін егізқатар ұстап, жарасымды сабактастырып келеді. Өлеңнің тұтас табигатына, оның бүтін-бітім болып жаратылуын жақсы көретін сыншы өлең жанындағы жалқынды, жалынды, ойлы сәттерді жанымен беріле жақтаса, өлең тәніндегі орайымен табылған жалқы өрнекті жол, казық болып тұрған жалғыз детальға да назар аударуды сірә да ұмытпайды. Басқаша айтсақ, поэзияны талдағанда жалпыдан жалқыға, жалқыдан жалпыға бара біледі. Бөлшектік талдауға пірі зор.

Бөлшектік талдау – әрісі Потебнядан бастау алған, әдеби сынға кешеуілдей келген тәсіл. Сыншы «бөлшектік талдауды» қазақ әдебиетінде орнықтыру мақсатынан болар, «Бір өлең талдау» мәнеріне жиі барады. Қазақ әдебиетінде профессор Бейсембай Кенжебаев, Тәкен Әлімкұлов, Мұзафар Әлімбаев бастап берген «Бір өлең талдау» дәстүрінде Құлбек те бақ сынап көріп жур. «Жапырактар» кімнің өлеңі?» (С.Торайғырұлы), «Түрік халықтары гимні» (М.Жұмабаев), «Майға сәлем!» (С.Мұқанұлы), «Сәбитке...» қалай туган?» (Қ.Аманжолов), «Құлаған – «Қазақ...», құлатқан – қазақ...» (Ә.Тәжібайұлы), «Тал бесіктен – Жер бесікке дейін» (М.Макатаев), «Балдырғанда» туган өлең» (М.Макатаев), «Жүрек әні» (Б.Әbdіrazakov) аталатын бір өлең талдау мақалалары сөзімізге дәлел. Ол мақалаларда С.Торайғырұлының, С.Мұқановтың, Қ.Аманжоловтың, Ә.Тәжібаевтың, М.Макатаевтың, Б.Әbdіrazakovтың бір-бір өлеңі назарға алынып арнайы талданады.

Әдетте поэзия сыншыларын өлеңнің ішіне кірмейді деп кінәлап жатады ақындар. Неге олай? Олай болатын себебі сыншылар поэзияны сөз еткенде нақты талдамай, такырыптық жалпы шолумен шектеледі. Олар бөлшектік талдауға бара бермейді. Алғы буынның осы талдаушы емес, шолушы міnezінен

сабак алған Құлбек Ергөбек «Бір өлең талдау» тың формасына әдейі барады. «Бір өлең талдауда» бос сөзге орын жоқ. Жалпы шолуга баруды да кетермейді бұл форма. «Бір өлең талдау» – нақты, затты талдау. Онда сыншы талдауға өзіндік жаратылу тарихы бар тағдырлы өленді нысанана алады. Сөйтеді де жеке өленді сыртқы фактурасынан бастап ішкі жан-дүниесіне үніліп байқайды. Онда соғып тұрған жүрек лұпілі, лұпілді жеткізетін поэтикалық құрал, поэтикалық құралды таңдал ала билетін ақындық талант, таланттың ізденіс кепілі болып табылатын – шеберлік... осының баршасы Құлбек Ергөбектің сыншылық талдауында қамтылады. Ол «Бір өленді» талдау арқылы бүтін ақындық тағдырды өріп шыға алады. «Бір өленді» талдау арқылы бүтін ақындық тағдырға үкім айта алады. Ең бастысы сыншының «Бір өлең талдауы» формасы әр алуан. Бірінде «Жалырактар» кімнің өлеңі?» деп Сұлтанмахмұт Әмірінен трилогия жазған Дихан Әбілевке сұрау салып хат жазады, екіншісінде өлеңі отқа тиген дауылдай Қасым ақынның «Сәбитке» аталатын өлеңінің соғыс жылдарында майдан даласынан хат-өлең күйінде Мұқановқа жазылған колжазбасын тауып алады. Ол көлемді колжазбаны ала отырып ақынның 20 жол өлеңі мен қаралай жазған хатынан «Сәбитке» аталатын 8 жол өлеңді қалай тұлғалап шығарғанын ашады. С.Мұқановтың «Майға сәлем!» аталатын өлеңін жазуына оның курсас досы Алексей Сурковтың ықпал еткені анықталады. М.Мақатаевтың «Бесік басында» аталатын өлеңін «Алматы ақшамы» (№172-173; 27 және 28 шілде, 1990 ж.) газетінің екі санында таңдал, оған ақын Мұзафар Әлімбайұлы қолма-қол үн қатып, мақала жазады. Мақала «Алматы ақшамы» газетінің келесі санында («Алматы ақшамы», №174 (624) жарық көреді. Онда сыншы мақаласын қазақ әдеби сыннындағы жаңалық ретінде бағалай отырып, ақын өлеңін одан әрі өзінше талдау бар. Б.Әбдіразаковтың «Жүрек эні» аталатын бір өлеңін талдау арқылы өлендегі биографизмді табады, арнау өлеңнің поэтикалық болмысын ашады. Сыншының бұл саладағы мақалалары қазақ әдебиетіндегі жаңалық дерлік. Тың жаңалық болмаса, қатардағы қарапайым көрініске таңдана қоймайтын Герольд Бельгердің «Анализ одного стихотворения» – на мой взгляд, принципиально новое явление в казахской критике. Книга Кулбека Ергобека, посвященное казахской поэзии, дает не только углубленное представление о национальной поэзии, но и определяет горизонт ее перспектив». – («Книголюб», №4/2005.) деп бағалауда біздің ойымызды тиянақтай түседі.

Құлбек Ергөбек Сүйінбай, Жамбыл, Омар Шепеұлы, Айтбай Белгібайұлы сияқты халық ақындары шығармашылығын да ешкімге үқсамай, ешкімге үқсатпай өзінше жазды. Бұл орайда оған ғалымдық зерделілік, сыншылық ілкімділік, архив актарғыштық, тың мәлімет тапқыштық мінезі көмекке келеді. Бір қарағанда халық ақындары жайында архивтік деректер сакталмаған сияқты. Ал Құлбек архивтік дерек іздейді, табады, тапқан дерегін халық ақындары шығармашылық табиғатын ашуға сәтімен пайдаланады. «Сүйінбай – жырдың пырағы», «Жылға созылған жоктау...», «Мейірімсіз кара жер, сезіме менің қарашы!..», «Халық жырының ақберен ақсақалы» сияқты мақалалары тың деректі ақындық табиғатқа ұластыра сөйлеуімен бағалы деп білеміз. Эрине, бұл

мақалаларда Қ.Ергебек әдебиет сыншысынан ғөрі әдебиет зерттеуші ғалымға көбірек айналады. Орайында еске түседі, орыстың эстет ақыны И.Анненский: «Эстетическая критика стремится стать искусством, для которого поэзия была бы лишь материалом», – деген еді. Сол секілді Құлбек Ергебек талдауында өлең шіркіннің бар жан қалтарысы ашылып жайнап шыға келеді. Тіпті талдау мәнері жан-жақты болған сәтте поэзия талдау материалы ғана болып қалады да сыншының мақаласы өнер дүниесіне айналып дербес өмір сүре бастайды. Бұл – сыншының аскан шеберлігін көрсетеді. Ақын Әбділда Тәжібаев сынши Есмағамбет Ысмайыловты «Үлкен досы өлең-жырдың» деп атағаны белгілі. Сол секілді Қ.Ергебек қазақ өлеңінің үлкен жанашыры ғана емес, әбден мойындалғандай, өлең сөздің барша стихиясын біліп жазатын, сүйіп талдайтын классик сыншысы!

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРА СӨЗІН ҚАСТЕРЛЕП...

Қазак прозасы – XX ғасырдың жемісі. Бұрын ғасырлап поэзияға иек артқан халық XX ғасыр басында кәдімгі прозаның керек екенін түсінді. XIX ғасырда жасалған азын-аулақ карасөз үлгілері XX ғасыр басында жанр-жанрға жүйеленіп, арнайы қалыптаса бастады. XX ғасырдың орта шенінен қазак прозасы әлемдік аренага шығып, аяғына таман әлемдік деңгейде бағаланып үлгерді. Олай болса өзін сыйлайтын сынши қазақ прозасына да мамандануы керек емес пе?

Біз қарастырып отырған Құлбек Ергебектің тағы бір қыры – ол қазак прозасының маман сыншысы.

Оның бір мақаласы «Жаңа жанр бастауы» аталады. Жаңа жанр?

Сыншының назар аударып отырғаны – қазақ романының бастауы. Мақалада В.Борщуков, З.Османова сынды сыншылардың «Қазақ романы отызыншы жылдары пайда болды» («Советский роман». М; 1978. 7С) деген пікіріне қарсы шығады. Сынши пікірінше қазақ романы XX ғасырдың жиырмасыншы жылдары жазылып, жарық көре бастаған. Т.Жомартбаевтың «Қыз көрелік», С.Торайғырұлының «Қамар сұлу», С.Көбеевтің «Қалың мал» роман үлгілерін әңгімелей отырып сынши қазақ романы жайында пікірін тиянақтайты. Әрине, сынши мақала жазған жетпісінші жылдары Алашорда өкілдері акталмаған, ақын-жазушылар жазған шығармалар ағарып қайта жарияланбаған кез. Соның өзінде сынши акталмаған шығармалар жайын ойында ұстап орыс зерттеушілеріне жанрдың әлжуаз үлгілері арқылы тиянақты жауап беріп отыр. Кейін «Қазақ романы және «Ақбілек» аталатын мақала жазып, эпикалық жанрдың қалай шешек атып, эпопеяға қалай жеткені жайында байыпты әңгімелейді. Ол аз болса, «Адасқандардан» – «Мәлдір махабbatқа» дейін...» атап, жиырмасыншы жылдардың аяғында туған қазақ романын бүге-шігесіне дейін талдап, роман жанрының шын табиғатын танытады. XX ғасырдың жиырмасыншы жылдары әдебиетінен әңгіме сабактаған сынши орыс сыншылары пікіріне жауап, әрі әдебиет тарихына сауап болсын дегендегей отызыншы жылдардың руханиятын тұтастыра үлкен тарау жазып талдайды. «Нәубет жылдар әдебиеті», «Әлеуметтік жағдай және әдебиет», «Отызыншы

жылдардағы қазак прозасы» аталатын зерттеу мақаласы осының айғағы. Демек, Құлбек сыншы ретінде өзіндік тың концепция авторы. Кезінде айтқан пікіріне әр кез қайта оралып, тың қырынан келіп, әбден дәлелдейтін мінездің сыншысы.

Жоғарыда шолып өткен мақалалардың ішінен әсіресе Жүсіпбек Аймауытұлының «Ақбілек» романын талдауына ерекше дең қоямыз. Жүсіпбек Аймауытұлы туралы да, оның «Ақбілек» романы жайында да аз жазылып жүрген жоқ. Көбі соның кезінде атылып кетіп, кейін ақталған жазушыға деген сағыныштан аса алмаған дерлік. Ал, Құлбек Ергебек «Ақбілек» романын «қазак әдебиетіндегі алғашқы психологиялық роман» атап алғып, соны дәлелдеу үшін шығарма ішіне кіріп, кейіпкер бойындағы әрбір өзгерісті бақыладап, оны қазақтың қызы баласының ішкі жан-дүниесімен әдемі сабактастырып отырып тамаша талдау жасайды. Жүсіпбектің Мағжан ақындығын талдайтын «су жорға» жазылған мақаласы бар емес пе? Міне, Қ.Ергебектің «Қазак романы және «Ақбілек» аталатын мақаласын сол Жүсіпбек Аймауытұлының сол төгілме стильді талдау мақаласымен салыстыруға болар еді. Өзара мәнерлес, рухтас жазылған мақалалар.

«Адасқандар» жайлы деректі зерттеуі формасы тың, талдау мәнері тосын дүние. Кезінде профессор Т.Кәкішев, М.Әлімбаев зерттеу туралы арнайы мақала жазып, қазак әдебиеттану ғылымындағы тың құбылысқа балағаны мәлім. Аталған сыншы еңбегі кезінде «Алматы ақшамы» газетінің оншақты номерінде «роман жайлы повесть» деген жанрлық анықтамамен жарық көргенін білеміз. Бір шығарманы арнайы талдау. Жанрынан бастап тосындау. Қазак әдебиет сынинда кездеспеген құбылыс. Кезінде Н.Г.Чернышевскийде «повестер туралы повесть» аталатын бір сипат кездесетін. Бәлкім содан тамыр тартар. Демек, «Адасқандар» романының жазушы ойына идея ретінде ойға оралуынан бастап материал жинау, іріктеу, қиялдау, кейіпкерлер мен оның түптұлғалары, жазу процесі, редакциялау... дегендегі шығармашылық акты түгел қамтылады. Бұл да қазак әдеби сынинда кездесе бермейтін қызықты жэйт, жаңалықты сәт. Біздің ойымызша, Қ.Ергебектің аталған еңбегі «роман жайлы повесть», көркем әдебиет жайында жазылған деректі көркем сын.

Кезінде бұл деректі-зерттеуді оқырман қызығып оқып, қызынып пікір айтқан баспасөз бетінде. Солардың бір-екеуіне тоқталсақ. «Жақында “Алматы ақшамы” газетінде Құлбек Ергебектің “Адасқандар ақыраты” атты шығармасы басылды. Басқа халықтарда қайдам, қазак тілінде роман туралы повесть немесе повесть туралы роман жазғанды алғаш көруім. Базбіреулер мұны несіне тәптіштеп қайта жазды деп күстаналауы да ықтимал. Бірақ, біздіңше, бұл бір жаңалық бастама сияқты. Ол – «Адасқандарды» бастан-аяқ қайталау емес, соны қайта, жана да нақты фактalaryмен толықтыра түскендей болып көрінеді өзімізге. Бұл – бар нәрсені көшіре салу емес, соны дамыта түсу жолында ерінбей-жалықпай, сарсылып ізденудің нәтижесі деп білдім.

Повесть – окуға женіл, фактылары мол. Әркімнің де қызыға окуына, жадынан шыға бастаған жақсы романды қайтадан еске түсіруіне болатын шығарма. Ол - роман кейіпкерлерінің туған-туысқандары, көз көрген замандастарығана емес, казіргі жастардың да қызыға, көніл қоя оқитын дүниесі

деп күмілжімей-ак айта аламыз» (Мәлік Қаракұлов «Ескі доспен қайта қауышқандай...», «Алматы ақшамы», 1990, 4-маусым).

«Оның «Адасқандар ақиқаты» (роман туралы повесть) атты аса қызықты зерттеу енбегі газеттің оншақты санында басылды. Құлбек атақты жазушымыз Сәбит Мұқановтың осы романындағы өмірлік материалдарды қалай жинап, қандай қалыпта пайдаланғанын нақты деректермен сабактастыра отырып қыры мен сырын ашуға тырысады. Ол өзі талдап отырган көркем шығарманы да, оның шикізаты болған өмірлік уакиғаларды да жақсы білгендіктен, жазушының ішкі лабораториясына еркін еніп, терең менгергендігі анық байкалады. Зерттеуші Құлбек, болған уакиғаның желісі мен көркем шығарманың құрылышын бейне құмалакшыдай орын-орындарына қойып, халықтық психология мен дәстүр-салттардың ерекшеліктерін қабыстыра пайдаланып, өте шыншыл да нанымды эстетикалық таным байқатқан. Зерттеуші ғылыми тәсілді барынша дұрыс пайдаланғандықтан, өте үлкен үрдістерге қол жеткізгені көрініп-ақ түр. Бұл Құлбек Ергебековтің зерттеушілік майданындағы жана табысы ғана емес, сонымен бірге оның көркемдік танымдағы жана биігінің алғашқы баспалдақтары ғой деп ерекше қуанғымыз келеді. Осы енбектің толып жатқан жақсы қасиеттерінің бірін ғана атап айтсақ, ол – жазушылық жолға талпынған жас қаламгерлерге де өзінің мархабатты мейірімімен қол ұшын беру екені сөзсіз». (С.Габбасов «Эстетикалық таным мен тағылым», «Алматы ақшамы», 28 тамыз, 1990 ж.) – деп жазды.

«Сәбит Мұқановтың «Мөлдір махабbat» (бұрынғы «Адасқандар»), «Ботагөз» («Жұмбак жалау») романдарын алғашқы басылымдарымен салыстыра отырып, олардың неге қайта жазылғанын, қай жері қалай, не үшін өзгергенін анықтау – уақыт шындығын ашуға көп септігін тигізер еді. Эрине, бұл жөнінде Сәбенің өзі әр жана басылымның алғы сөзінде түсінік берген. Бірақ, олар қай уақытта жазылды? Автор ол түсініктерінің өзін де заман тынысына қарай ыңғайламады ма екен? ...Әдебиетші Құлбек Ергебеков «Алматы ақшамы» газетінде биылғы жылы (№94-107) «Адасқандар» төңірегінде біраз ой қозғады. Әдебиет үшін, ақиқат үшін ендігі кезенде осындай зерттеулер керек-ак» (Д.Әшімханұлы «Даму мен дағдарыс», «Қазақ әдебиеті», №30 (2156), 27 шілде, 1990.).

Уш үзік. Уш пікір. Пікірге ден қойсак, Құлбек Ергебектің «Адасқандар ақиқаты» аталатын көркем әдебиет пен әдебиеттану аражігінде өмірге келген дүниесі – әдебиет туралы таныммызды байытқан, эстетикалық талғаммызды үштаған, қазақ әдеби сыны үшін жаңалықты дүние!

Сыншы ешкімді қайталағысы келмейді. Кім жайында жазсын, нендей шығарма жайында толғансын, өзінше тың форма іздейді. Пікірімізге сыншының Тәкен Әлімқұловтай жұмбак жаратылыс жайында жазған, әдебиеттанудан гөрі ғұмырнамалық прозаға бейім жатқан «Жұмбак жан» аталатын эссесі дәлел. Эссе де Құлбек Тәкен Әлімқұловтың өмірі және шығармашылығы мәселесін прозашы мәнерімен әнгімелей отырып, жеке-жеке минатюрада сыншы ретінде талдайды. Жазушылық – жұмбак дүние. Ал, Тәкен Әлімқұлов жазушылардың арасында тіпті «жұмбак» адам болған деседі.

Сыншы сол Тәкен «жұмбағын» аша білген дер едік. Еңбекте жазушылық мәдениет пен сыншылық мәнер өзара жарасып көрінеді. «Сыншы Тәкен Элімқұловқа қатысты фактілерді іріктеңде кейбір әдебиетшілерге ұқсап «мынауы – үлгілі екен, мынаусы – үлгісіз екен», «мынауы – жарамды екен, мынаусы – жарамсыз екен» деп әлгі өмірлік фактілерді қырық жерден киқалап, әуелгі әлібі мен бастапқы қалыбын бұзып, шындығын жойып, ақиқатын қашырып, берекесін кетірмейді. Құлбек үшін Тәкен Элімқұловтың жаны мен жаратылысынан сыр андататын әрбір факті қымбат. Құлбек үшін Тәкен Элімқұловтың жанының жылжуын, «жыбырлауын» (Абай), қозғалысын көрсете алатын әрбір факті бағалы. Сондықтан да сыншы қайшылығына қарамастан Тәкен Элімқұловтың болмыс-бітімін өмірдегідей дәл көрсететін фактілерді қаз-қалпында келтіреді. Яғни, бүтін шындық, тұтас шындықты көрсететін фактілерді көзден таса етпеуге тырысады» (Ә.Мендереке). «Балықшы балықшыны алыстан аңғарады...» дегендей, сыншы Эмірхан Мендереке пікіріне дең қойсак, Құлбек Ергөбектің бірсыптыра сын еңбектері Пушкин, Гоголь өмірінен деректі көркем проза жазатын В.Вересаев, С.Сергеев-Ценский еңбектерін еске түсірердей. Бұл да деректі әдебиеттану жасау жолында жүрген сыншы Құлбек Ергөбек сыншы шығармашылығының бір ерекшелігі.

Сыншының қазак прозасы жайлы ойларын пайымдауда Дулат Исабеков шығармашылығы жайында жазылған «Ұлтын сүйген жүрек үні», «Тағдырлар толғауы» мақалаларының орны ерекше. Мақалада бүгінгі қазак прозасына дең қою, оның даму арналарын, алдағы даму бағдарын айқындау бар. Жинақтау мәнерінде жазылған, тілі төгіліп тұрған «Ұлтын сүйген жүрек үнін» – сыншылық толғау, бастан аяқ әдеби проблемаға құрылған «Тағдырлар толғауын» – нақты талдау дейміз. Көлемді дүниеде жанр талабы да, жанрға барған жазушы табигаты да, харakter жасау шеберлігі де еркін ашылып отырады.

Сол сияқты Б.Майлин («Қазақтың өзіндегі қарапайым»), «Қайрат пен еңбек қаламгері» (F.Мұстафин), «Қадірлі қарапайымдылық» (С.Омаров), «Саттардың Түркістанға оралтуы» (С.Ерубаев), «Сыншыл мінез, сыршыл қалам» (С.Шаймерденов), «Жұмбақ жан» (Т.Элімқұлов), «Өнерді өмірмен өлшеген» (Б.Сокпақбаев), «Қос жанрда қатар шапқан» (С.Жұнісов), «Тарихтан тағылым тартқан» (М.Магауин) секілді мақалалары – формасы табылған, композициясы келіскен шығармашылық портреттер. Замандас, қатарластарынан Д.Әшімханұлы, Ж.Шаштайұлы, Б.Қанатбаев, Қ.Түменбаев, Қ.Жиенбай, М.Құлкен секілді прозашылар бар. Әрине, біз аталған тізімнен ұлы жазушымыз М.Әуезовті, F.Мұсіреповті, Ә.Кекілбайұлын көргіміз келеді. Қанаттастарынан да сыншы қаламына ілінуге тиісті дарынды азаматтар бар. Мүмкін ол сыншының келер күнге жоспарлап жүрген шығармашылық ісі болар.

Жазушының шығармашылық портреті. Сыншы оны қалай жүзеге асырады? Сыншы өзі назарға алған жазушы бойынан өзге кісі көзіне шалынбаған ерекшелік табады. Әңгімені содан бастап кетеді. Мейлі саралау, мейлі талдау болсын мақала мәнерінде әңгімешілдік жатады. Бейне оқырманмен сырласу десек те жарасар. Сырласып отырып жазылған сын қызықты оқылатын,

окырманың қызықтыра тартатын «көркем сын» болып шығады. Сыншы еңбегін әріптесі Әмірхан Мендеңеке: «Жазушыны жербауырлататын сын бар, жазушыны көтермелейтін сын бар. Мұның екеуі де – еренсіздің ісі. Сынның төресі – жазушыға көмектесетін сын. Әдебиетті көтеретін де – осы сын. Құлбек Ергебектің сыны да – дәл осындай, жазушыға көмектесетін, әдеби сынның беделін өсіретін өміршең сын» – деп, Герольд Бельгер «оның жазғаны көркем әдеби сын» атая келіп, сыншыны «Он художественный критик, художественный литераторовед, умеющий увлекать, заинтересовать, заинтриговать читателя. В этом сказывается его истинный профессионализм». (Г.Бельгер «Дух анализа и исследования», «Постфактум». Алматы, 2007г. стр. 202.) бағалапты. Біз де осыған қосылар едік. «Жырға бергісіз сырлар» («Егемен Қазақстан», 10 маусым, 1993 ж. №133 (20508) аталатын макаласында: «Өзі талдап, толғап отырған пәннің табигатына бойлап, зерделегендегі автордың теориялық тұжырымдары, пайымдаулары ғылыми берік, әдеби қысынды, әрі тың болып келеді. Сол арқылы оқырмандардың эстетикалық талғамын тәрбиелейді, жетілдіреді, байытады», – депті М.Әлімбайұлы сыншы-ғалым Құлбек Ергебек жайында. Теориялық біліммен келіп көркем шығарманы талдайтын, әйтпесе көркем шығарманы талдай отырып теориялық ойларға жол алатын, сол мінезімен де сыншы-ғалым аталаған жүрген азамат жайында М.Әлімбайұлы пікіріне де еріксіз ден қоясын.

Құлбек Ергебек қазақтың қара сөзін қастерлей саралап келе жатқан саңлак сыншымыз.

ТҰЛІҒАҒА ТАҒЗЫМ

Ол – қазақтың деректі әдебиеттің керекті әдебиет биігіне көтере зерттеген сыншы-ғалым. Деректі әдебиет. Әлем әдебиетінде деректі әдебиеттің қызықты үлгілері көп. Бізде солардың биігіне көтерілген, арнайы сөз етерліктей деректі әдебиет бар ма? Құдіктенгеніміз рас. Құдіктенген біз ғана емес едік.

« – Эй, қойши, бізде деректі әдебиет бар дейсің бе?

Досым таусыла сейледі.

– Е, неге болмасын? Назарға ілікпей жүргені болмаса бізде деректі әдебиеттің небір қызықты үлгілері бар.

– Бар болса, айта қойши, қандай үлгілері барын?

Әңгіме осылай өзара келіспеушіліктен басталған еді. Қанжығалас жүрген жігіттің әзілі болар, сыншыларға назы шығар деп ойлағам. Байқасам – бар шыны. Ендеше, оларға жауап беру қажет». («Арыстар мен ағыстар» 6-шы кітап. 136 бет.) – деген диалогтен (Форма десек те) біз осыны аңғарар едік.

Алайда, К.Ергебектің сын макалалары мен зерттеу еңбектерін оқып, танысқан соң қазақ тарихында өмірінен өнеге таратып жазар небір тұлғалар, олар жайында жазылған деректі, деректі көркем әдебиет бар екен деген ойға бекіндік.

Мемуар, эссе, естелік, эпистолярлық әдебиет, деректі-ғұмырнамалық әдебиет... Деректі әдебиет мәселесін К.Ергебек осындай ауқымда алып қарастырады. Қарастырғанда да қазақ әдебиеттану ғылымында осы деректі

әдебиетті жанр-жанр бойынша (ішкі жанрларды айтамыз) жіктеп-жіктеп алып барып, тақырыпқа топтап-топтап барып талдайды. Айталық, мемуарды алсак, оны зерттеуші С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С.Мұқановтың «Өмір мектебі», F.Мұстафиннің «Көз көрген», М.Қаратаевтың «Көргенім мен көнілдегім» мемуарлық эпикалық дүниелерін бір жүйе етіп («ХХ ғасыр басындағы қоғам шежіресі», «Жазушы мемуары», «Сыншы мемуары» мақала, зерттеулері), С.Сейфуллин, Жамбыл, М.Әуезов, С.Мұқанов жайындағы естеліктерді («Қызыл сұнкар», «Дастан ата», «Біздің Мұхтар», «Кәдімгі Сабит Мұқанов») мемуардың шағын жанры ретінде алып қарастырады. Алдыңғы толқын эпикалық туындыларды талдағанда орыс, әлем әдебиетіндегі үлгілермен салыстыра отырып, кейіпкер-туындыгер өмір сүрген қоғам шындығы және мемуарлық шығарма шындығы, оны көркемдік жинақтауға қалай айналдырыды? – деген мәселе өзегімен келеді мәселеге. Эрине, мемуар – ақиқаттың жанр. Ақиқатты айта алмаса мемуаристке үлкен сын. Аталған мемуарлық шығармаларды талдағанда сыншы тарихқа жиңініп отырады. Содан да Сәкеннің Алашорда өкілдерін мазақтап көрсетуін, Сәбигтің саясатығымен есіп «солақай» кетер сәттерін аяусыз сынап отырады. Ал екінші толқын туындыларды жинактай талдағанда («Көп болып мүсіндең...») тарихи тұлға (жазушы тұлғасы) ақиқаты және оны мемуарист-естелік жазушылардың көркемдік биігіне көтеріп жеткізе білуі тұрғысынан қарастырады. М.Әуезов: «Естелік – сөзден соғылған мүсін» деген екен. Жазушы мүсіні естелік жанрында шындыққа сай ма, өзі алға түсіп мақтанып кеткен жоқ па, ойға алғанын көркемдеп жеткізе білген бе? – деген сұрақтар негізінде талдайды. Естелік жазушы мемуаристерді кейіпкер табиғаты арқылы келіп, аяусыз сынап отырады. Бір ғана мысал: Б.Кенжебаевтың М.Әуезов туралы естелігі қолжазбада «Ақыл-ой ағамыз» аталады екен. Солай ойлы аталған тақырыпты қурастырушылар «Ақылгөй ағамыз» атап жасытып беріпті кітапка. «Ақылгөй...» орынды-орынсыз ақылдымын ақыл айта беретін адам. Біз Кенжебаевтың «Ақыл-ой ағамыз», яки кеменгер ағамыз деген ұғымдағы асыл тақырыбын неге жасытамыз? – деп сөйлейді шыншыл сыншы. Эрине, ашы сынаған пікірлер мол. Біз біріне ғана тоқталып отырмыз. Бірінде талдау, екіншісінде жинақтау мәнері қолданылады.

Мемуардың тағы бір ішкі жанры – шығармашылық лабораториясы. Демек, атақты, белгілі жазушы өзінің өмірін, шығармасын қалай жазғанын, тақырып табуға нендей жағдайдың түрткі болғанын айтатыны болады. Ол жеке-жеке мақаладан тұтас кітапқа дейін жетуі мүмкін. С.Шаймерденов, Т.Кәкішев, М.Әлімбайұлы, Ә.Нұршайықовтың осындай лабораториялық дүниелерін (оларды қөбіне эссе атайды) «Эссе табиғаты» аталатын көлемді мақаласында адами әдеп және әдеби әдеп (этикалық мөлшер) тұрғысынан, сондай-ак туындылардың формалық әр тектілігіне назар аудара отырып толғанады. Сафуан сырның сұлу стилді, ұстамды жазылатыны, есесіне Тұрсынбектің стилдік салақтығы, Мұзрафардың әлемдік ой алыптарының кейбір сөздерін өз атынан байқамай қайталап қоятыны, Әзілханның елеулі ғана емес, елеусіз шығармаларының жазылу тарихын езбелей айтып оқырманың ығыр қылатыны

сыншы тараپынан дәлелді сыналады. Айта кетерлік бір жай, әлгі сыналған жазушылардың ішінен М.Әлімбайұлы арнары сөз алып: «Мәймәңкесіз сөйлеу – мықтылық нышаны, біліктілік жемісі! Осы қасиет, құдайға шүкір, Құлбекте бар! Мәселен «Эссе табиғаты» атты зерттеуінде Қ.Ергебек жетпісінші жылдар басында жана тәбе көрсете бастаған жанр туралы толғанады. Т.Кәкішевтің «Садак», С.Шаймерденовтың «Ағалардың алақаны», Ә.Нұршайықовтың «Автопортрет», М.Әлімбаевтың «Көңіл күнделігінен» атты эссе кітаптарының күнгей беттерін көңіл көрегендігімен, ғалым парасатымен кемел талдаған Құлбек сол басылымдардың солғын, олқы тұстарын, кейде тіпті қонымсыз ерсілеу селкеулерін алдағы ағаларым өкпелер деп іркілмей, бадырайтып-ақ көрсеткен уәжі маған ұнады... Сыналғанның бірі өзім бола тұра, сыздана, тулагай қоймадым: неге десеніз, әдебиеткер өзі: «Расында да ак сөйлесен – атанның да мінін айтуға болады ғой, тәйірі» – депті. Сонысы жөн. Көпке керегі де сол!» – (М.Әлімбайұлы «Жырға бергісіз сырлар». «Егемен Қазақстан», 10 маусым, 1993 ж, №133 (20508) деп сыншыға ризалығын билдіріпті уақытында. Сыналған жазушының сыншы еңбегін «Жырға бергісіз сырлар» атап жоғары бағалай отырып, ризалығын айтуы сирек кездесетін жәй, татулық сипат.

Мемуардың тағы бір ішкі бұтағы – күнделік. «Сыр сандықты ашып қарағанда...» аталағын байсалды мақаласында сыншы С.Мұқанов, Б.Кенжебаев, Қ.Нұрмаханов күнделіктерін назарға ала отырып мемуардың осы бір ішкі жанры жайында толғанады. Айтпақ ойлар, жазбақ шығармалар, сырқатқа байланысты мүжілу, қоғам дертіне байланысты күйіну... соның бәрі де бар екен қаламгерлер күнделігінде. Күнделік те бір қарағанда тұрмыстық жанр. Тұрмыстық жанрдағы күнделік жазбаларын жазушы, ғалым, сыншының адами табиғаты, әдеби әлемі, шығармашылық қызығушылығы деген мәселелермен сабактастырып бағалы, мағыналы дүние шығарады. Күнделік қалай жазылтуы керек, күнделік қандай болуы керек? Әдебиет нақты рецептімен жасалмайды. Соған қарамастан қайткенде күнделік әдебиет дүниесі ретінде құнды болмак? Міне, ғалым сыншының басты назар аударған мәселелері. Сондай-ақ күнделікті тұрмыстық жанрдан әдебиет жанрына көтеріп, оған жанрлық тұрғыдан тұнғыш рет бага беріп, талдаған да – Құлбек Ергебек.

Қ.Ергебектің тағы бір назар аударған тың жанрлық үлгісі – эпистолярлық жанр. Қазақша айтқанда хаттың жанрлық табиғаты, такырыбы, проблемасы, шыншылдығы. Эпистолярлық жанр қазақ әдебиетінде кенжелеу. Әрі көп те емес. Әлем әдебиетінде эпистолярлық жанрдың ғажап үлгілері бар. Бір И.С.Тургеневтің жазған хаттары – орыс әдебиетінің қайталанбас рухани қазынасы. Сол сиякты, хатты көп жазған, хатты көп алған жазушы қазақ әдебиетінде Сәбит Мұқанов екен. Оны біз сыншы ғалымның «Хұсни хат...», «Хат жаздым қалам алып...», «Хаттар және хаттасулар», «Жүрек қанымен жазылған хаттар», «Хат айтқан ақықат», «Хат қазынаға жолықтырар ма?» секілді тыңнан тарта сөз қозғаған байсалды еңбектерінен танып билдік. Сәбит Мұқановтың архивін (Алматы, Москва, Санкт-Петербург, Ташкент, Улан-Уде т.б. архивтері) негізге ала отырып әдебиетші XX ғасырдағы қазақ қоғамын қандай мәселе қызықтырды, оларда ұлттық бейіл қай өреде кездеседі,

майдандағы жауынгерлердің жан-дүниесінде не жатыр, қазақ қаламгерінің әлемдік деңгейде хат жазысы (Америка жазушысы Синклерге, т.б. жазған хаттары), әдеби күбылды болып өмірге келген шығармалар («Абай», «Абай жолы») жайында, әдеби, лениндік, мемлекеттік сыйлықтар тұсындағы қазақ жазушылары арасын араған пендешілік... осының баршасын К.Ергебек өзінің жоғарыда аталған сын, мақала, зерттеулерінде жан-жақты талдап береді. Талдай отырып тұжырымдауға бейім сыншы мақала, зерттеулерінде әпистолярлық жанрдың табиғаты, занылдығы, өсу эволюциясы мәселелерін теориялық биіктен еркін толғайды. Оның бұл саладағы тың еңбектері практикалық талдау ғана емес, теориялық пайымдау. Оны мұндай биікке жеткізген талдай отырып теориялық тұжырымға ұластырар сыншылық, зерттеушілік мәнері. К.Ергебек қазақ әдебиетшілері арасынан алғаш әпистолярлық жанр туындыларын, мемуардың бір бұтағы – күнделікті теориялық тұрғыдан қарастырып, практикалық межеден талдаған қаламгер. Ю.Тынянов хатты – тұрмыстық жазба, оны әдеби айналымға, тіпті әдебиет жанрына айналдыратын – жазушы деген. К.Ергебек ақын-жазушылардың үйінде жәй жатқан, архивтерде сақталған, тіпті шашылып қалған тұрмыстық жазбаларды (хаттар) жинақтап, теориялық тұрғыдан орнықтырып, тақырыптық, жанрлық тұрғыдан талдап әдеби айналымға түсірген – қазақ әдебиетіндегі алғашқы зерттеуші. «Бір ғана күнделікке автор қаншама анықтама берген, – деп таңғалады М.Әлімбайұлы жоғарыда аталған мақаласында, – осыларға қарап-ак аталмыш жанрдың мән-мағынасын, өзгешелігі мен ерекшеліктерін ажыратып, айыруға болмай ма? Құлбек Ергебектің теориялық тұжырымдарының интеллектуалдық деңгей-дәрежесі міне осындай жоғары, аскаралы! Өндіріс, өнеркәсіп тілімен айтсақ, “дүниежүзілік стандарт” деңгейінде десек, шындықтан шалғай кетпеспіз! Барды бар деуге батылдық не керек?! Эссе, естелік, ғұмырнамалық проза, әпистолярлық жанр, яғни хат жайында ұсынған Құлбектің гылыми анықтамалары ризалық тудырады. Эр жанрға катысты көркемдік өз өлшемін сайлайды, биік-биік талаптар қояды».

Қай халықтың әдебиетінде де ғұмырнамалық әдебиет бар. Оның тамаша үлгілерін жасаған жазушылар бар. Кезінде «Молодая гвардия» баспасынан «Жизнь замечательных людей» сериясымен арнайы деректі ғұмырнамалық әдебиеттер жүйесі жасалды. Оның ішінде Т.Кәкішевтің «Сәкен Сейфуллин», М.Сәрсекеевтің «Каныш Сәтбаев» секілді деректі ғұмырнамалық кітаптары орыс тілінде басылды. Бәрі бірдей москвалық серияға жете алмағанымен жазылып, қазақ әдебиетінде дербес ғұмыр кешіп саламаттықта жүріп жатқан туындылар қаншама?! Бір өкініші осындай деректі ғұмырнамалық шығармалар әдеби сын назарына іліне бермейді. Сыншы К.Ергебек өзінің «Өнегелі өмірге» кең өріс», «Өнегелі өмір» өрісі қандай?», «Ғұмырнамалық проза және кейіпкер парасаты» сынды зерттеу мақалаларында міне осы деректі ғұмырнамалық туындылардың жай-күйін қарастырады. Жоғарыда аталған шығармалармен бірге Ж.Арыстановтың «Тан жұлдызы», «Жер ұйығы – Жетісү», С.Сауытбековтің «Өртенген өлең», З.Ақышевтің «Жаяу Мұса», «Ә.Бектасовтың «Мәди», М.Рұstemовтың «Нартай» секілді туындыларын бір жүйе («Өнегелі

өмірге» кең өріс»), С.Бақбергеновтің «Ақбоз атты ару», С.Досановтың «Екінші өмір», О.Бодықовтың «Ақ құс», «Дария толқыны», Д.Досжановтың «Мұхтар асуы», Ә.Нұршайықовтың «Аңыз бен ақиқат» сияқты шығармаларын екінші жүйе («Ғұмырнамалық проза және кейіпкер парасаты») етіп алаканға салғандай талдап береді. Бірінде жанрлық тұрғыдан, екіншісінде кейіпкер табигаты тұрғысынан қарастырып қазақ жазушыларын аяусыз сынағаны бар. Әлі күнге дүркін-дүркін деректі әдебиеттің осы бір саласын жинақтап жазып келеді. Сыншының бұл таралтағы мақалалары кезінде «Баянғұмыр» (1991 ж.), «Арыстар мен ағыстар» (6-шы кітап. 2006 ж.) аталатын сын кітаптарына жинақталған. Сыншының деректі әдебиет жайындағы толғамды ой, толғакты сындары кезінде аса жоғары бағаланғанына күә боламыз. Ақын Ж.Ерман «Ағымдағы әдеби сынның шаруасына едәуір араласып жүрген К.Ергебеков – айтары бар, әрі соны жеріне жеткізіп айта білетін, көзі қарасты, ойы салмақты, сөзі түгел сынши. Ең бастысы, К.Ергебеков әдебиетті тек жазушылық творчество деп тар қойнауда қарастырмай, оны бүкіл мәдени процестің ағынды аринасы ретінде ауқымды аяда тануы арқылы ұлттық көркем эстетикаға қатысты жайларды көнінен сөз етеді. Сыншының “Өнегелі өмір” сериясының жай-жапсарын ойлап толғануы, эпистолярлық жанрдың даму-қалыптасуына аландauы, жалпы әдеби мұраның сақталуы жөнінде мазасындануы, біздін ойымызша, жақсы нышан. Осының бәрінде ол көлденен қек аттының сөзін сөйлемейді, мәселенің егжей-тегжейін білетін, түсінетін кісі ретінде ой қозғайды. Бұл күптарлық», – дейді.

«Баянғұмыр» бірқыдыру мәселені қамтыған. Әрбір әдеби объектіні, әрбір творчествоны ғайыптан қолға түскен сандыққа, жабулы сандыққа теңесек, соның әрқайсысына сырттан кеп, өзіне ғана сай келетін сиқырлы кілтін табу жүлдіздының сыйбағасы емес, тапқырдың және шебердің шаруасы. Ал К.Ергебеков – сондай кілттерді табады-ақ. Неге десеңіз: “Творчество тәсілдеріне үйрене алмайсың. Әр өнерпаздың өз тәсілдері болады” /И.А.Гончаров/. “Баянғұмыр” кітабына енген он екі зерттеудің бәрінің де сырлы сандығын өз кілтімен ашып, сырдан шашу шашкан авторға оқырмандар “Е, бәрекелді!” дейді.

Корыта айтқанда “Баянғұмыр” атты кітаптағы зерттеулер жырга бергісіз сырлар, жырдай жүрдек оқылып жүрек жылдыттын, жан дүниене жарық шүғыла сыйлар қуаты бар, оқырманды ойларға жетелейтін жетелі туындылар. Автор әдебиеттанудағы ақын боп сейлейді», – деп білімдар әдебиетші, ақын М.Әлімбайұлы аса жоғары бағалаған.

Сыншыда «Деректі проза дидары» аталатын мақала бар. Тамаша спорт журналисі С.Бердіқұловтың «Арбаган мені бір сиқыр», «84 жылдың тендессіз 16 күні», белгілі документалист жазушы К.Тұрсынқұловтың «Анды – Қарақызы», «Поляр шенбері маңында», Ж.Бейсенбаевтың «Шоқан ізімен», «Жасын тағдыр жарқылы», Ж.Елшібековтың «Атамекен» фотоәңгімелер аталатын кітаптарын жинақтап талдайтын мақала. Мақаласында сынши қазақ деректі әдебиет жазушыларын әлемдік С.Смирнов, Ирвинг Стоун, Д.Н.Гринин, В.Чивилихин шығармаларымен салыстыра талдайды.

Көріп отырмыз, Қ.Ергебек қазактың деректі әдебиетін әр қырынан келіп, әр алуан сипатта әңгімелепті. Талдаңты демей, әңгімелепті деуімізде мән бар. Ол сыншы мәнеріне бастайды бізді.

Сыншының деректі әдебиетті әңгімелеуі түрлі сипатта.

Сыншы деректі әдебиет жайындағы мақаласын екі кісінің диалогынан бастап кетеді. Материалды қызықты етіп беру амалы. Мақалаға тартыс – ой тартысын енгізу. Оқырманды психологиялық аландаушылыққа апарып ынтықтыру, қызықтыру шарасы. Ақырында мақалада айтылар, қаралар мәселенің қазақ менталитетінде маңызды екенін аңғарту. Одан әрі өзі айтқандай сыншы деректі әдебиет әлеміне еніп кете барады. Екі кісінің таласты диалогынан өрбіген әңгіме сәйтіп деректі әдебиет жайында маңызды талдау мақалаға айналады.

Әйтпесе, мына бір сәтке назар аударайык.

«Фотоәңгімелер» дегенді естігеніңіз бар ма? Әрине, орыс өнерінде фототілшілер өздері түсірген суреттің ізіне ілесе, тарихын тектей қарасөз араластыратыны бесенеден белгілі. Қалам мен фотоаппаратты қос қатар пайдаланатын журналисттер де бар орыс әдебиетінде. Міне, осындай үлгінің бірін журналист-жазушы Жанат Елшібеков әкеліпті әдебиетімізге». (Сонда. 140 бет.)

Сұрақ қоя отырып, ол сұраққа жауап бере отырып сыншы қазақ әдебиеті мен өнеріне ортақ бір туындының табиғатын ашады.

Қ.Ергебектің сын мақалаларының формасы тын. Тын формалы сын мақалалары, тіпті зерттеулері көркем әңгімедей оқылады. Оны Г.К.Бельгер «Нағыз көркем әдеби сын» деп тектен-тек бағаламаса керек.

Қ.Ергебектің сын еңбектерінің тағы бір қасиеті – ол қазақ әдебиеті туындыларын талдағанда әлемдік әдебиеттегі табиғаттас туындылар, озық үлгілермен салыстыра талдайды. Қазақ қаламгерін әлемдік асыл үлгілерге үндеп, ынталандыру, ұмтылдыру, әрі әлгі назардағы туындының табиғатын ашу мәнері.

Ол өз еңбектерінде әдебиеттанудың Ю.Тынянов, В.Шкловский, К.Чуковский, И.Андроников, А.М.Левидов, Н.Фортунатов, Ю.Борев, А.Макаров. Ю.Селезнев секілді әдебиет сыншы, зерттеушілерін қадірлей айтып, талдар шығармаларына кіріктіріп отырады... Олардың бірсызырасымен кездесіп әңгімелескен де. Оған сыншы жазған мақала, мақала-сұхбаттар куә!

Мемуар, ғұмырнамалық проза, эпистолярлық жанр – хат, күнделік... сыншы назарына алынған деректі проза үлгілері міне осындай! Тіпті Қ.Ергебек қазақ әдеби сынинда деректі әдебиетті тұңғыш жанр-жанрымен жүйелеп әңгімелеген, талдаған алғашқы сыншы шығар. Қазақ әдебиетінде бұрын-сонды назарға ілінбеген мәселелерге назар аудару, көніл бөліп ізіне түсіп байқау, оларды табиғатына орай жинақтап байыптау, кәнігі кәсіби көзбен қарап талдау Қ.Ергебектің сыншы ретіндегі сергектігі.

Ол деректі әдебиет ұлт, халық тағдыр-талайында айырықша роль аткарған дара тұлға жайында жазылады деп біледі. Сын мақала, зерттеулерінде солай деп айтып отырады. Дара тұлға! Деректі әдебиетті талдап таразылаған сыншы

Құлбек Ергөбектің бұл саладағы еңбектері бір жағынан ұлт тарихында өшпестей болып қалған тұлғаларға тағзым шығар. Сала әдебиетіндегі жақсыны көріп насиҳаттаса, кемшілікті көріп кешірімсіз абыннаса (С.Досанов, Д.Досжанов, О.Бодықов шығармаларын) біз оны осылай түсінеміз.

ӘТКІР ЖАНРДЫҢ ӨРІСІН АНЫҚТАҒАН...

Әдетте әдеби сын жок дегенді жи естіміз. Әсіреле, жазушы ағайын жи айтады осы сөзді. Шамасы, көркем шығарма жазған ақын не жазушы өзінің шығармасы жайында жақсы пікір естігісі келеді. Бірақ, сыншы ағайын назар аудара қоймайды. Содан да әлгіндей желбуаз пікірлер етек алады. Әйтпесе, сын қандай қоғамда да, қай уақытта да болады. Сынсыз қоғам бола ма? Болмайды. Бірақ, сынның да сыны бар. Сын әдеби ме, жок па? Сын сынаржак социологиялық сын ба, көркем бе? Мәселе жазушы ағайын тараапынан осылай қойылса жарасар еді. Бүгінгі танда әдеби сын бүгінгі қоғам талабына, әдебиеттің бүгінгі даму сипатына сай ма деп сұрақ қоюға болар еді. Ондай сұрақтарға жауап беру үшін бүгінгі сын еңбектерін сарапалауға тұра келер еді. Біз әдебиеттану мен сын еңбектерін әңгіме етіп отырған Құлбек Ергөбекті де көркем әдебиет туындыларын талдаумен бірге әдеби сынның даму жолы, әр кезенде сынға атсалысқан сыншы тұлғаларын сарапалап, арнайы кітап жазуға бәлкім жазушылардың «сын жок» деген байбаламы болуы мүмкін. Әлде, өзі айтқандай, әл-Фараби атындағы ұлттық университетті бітірер кезінде диплом жұмысын «Бейсембай Кенжебаев – әдебиет сыншысы» деген тақырыпта жазуы себеп болды ма екен?

Сыншы аталған тақырыпта диплом жұмысын жазып қана қойған жоқ. Атақты ғалымның өтінішімен баласына айналып үйінде тұрды. Көзінің тірісінде жазбаларын реттеп архивке тапсырысты, колжазбасынан дайындал «Әдебиет белестері», «Жылдар жемісі» аталатын еңбектерін жарыққа шығарысты. Айтқан әңгімелерін кағазға түсіріп алғып отырды. Көзі тірісінде де, ғалым дүниеден өткен соң да әдебиет тарихына өлшеусіз үлес қосқан ғалым жайында талай-талай мақала жазып жариялады. Баласында жүріп тәрбиесін көргендіктен болар, Құлбектің бұл тақырыптағы толғаныстары шыншыл да, сыршыл шығып жатты. Оқырманға ерекше әсер етті. «Бейсекен» аталатын мақаласына Н.Қанафин: «Егемен Қазақстан» газетінің 2002 жылғы 20 қараша күнгі номерінде «Алаштың ардактысы» айдарымен жарияланған Құлбек Ергөбектің «Бейсекен» атты ой толғамы жүрек қанымен, зор сүйіспеншілікпен, білгірлікпен жазылған айтулы хикаят, сөзбен соғылған еңселі ескерткіш екен.» («Егемен Қазақстан», №280 (23182), 30. XI. 2002 ж.) деп бағалады. Автордың «Қайран да, кайран Бейсекен!» аталатын тағы бір толғанысын жазушы Куаныш Жиенбай «Ондыққа тиген ойлы мақала» («Егемен Қазақстан» 12 қазан, 2004 ж., №245 (23889)) деп, қарақалпақ ғалымы, профессор Сарыгул Бахадырова «Жүрек тербер мақала» («Түркология конгресінен алған әсер мол», «Егемен Қазақстан», 13 қазан, 2004 ж.), «Қазақта тұғаннан сала ма, тұтқаннан сала ма?» деген сөз бар. Құлбек Бейсекеннің (Бейсенбай Кенжебаев) баласындағы қызмет етіп отыр. Ал Бейсекеннің кезінде университеттегі қысқартуға байланысты «Алма қалсын, мен кетейін» деп жас

ғалымды қорғап шығуы қандай ерлік?! Бізге осындай тұлғаларды жазып отыру керек» – деп үлкен ғалым Сауытбек Абдрахмановтың жоғары пікір айтуы («Зияткер», Фолиант, 2012. 389 бет) – Құлбектің қазақ сынының айтулы тұлғасын аса үздік талдағанының көрінісі. (Сыншының Бейсембай Кенжебаев жайында жазылған дүниелерін арнайы талдау жөн болмақ.)

Не себеп болса да, сыншы Қ.Ергебек көркем шығарма жайында жазумен бірге әдеби сын тарихына, тұлғасына арнайы бет бұрды.

Бет бұрғанының белгісі – Б.Кенжебаев, М.Қаратаев, З.Ахметов, Р.Бердібай, С.Қирабаев, Т.Қәкішев, М.Базарбаев, Ш.Елеуkenov, Қ.Нұрмаханов, С.Ордалиев, К.Сейдеханов, Т.Токбергенов, С.Әшімбаев, Б.Сарбалаұлы, С.Абдрахманов, Ж.Дәдебаев... секілді әр буын әдебиет сыншыларының шығармашылық портретін жасады. Жақсы жасады. Портреттік мақалалар бір-біrine ұқсамайды. Бастауы да тосын, бағалауы да басқаша. Бір-біrіne ұқсамайды. Ұқсамауы занды. Өйткені, шығармашылығы сез болған әдебиетші, сыншы ғалымдар қалыптасу, жазу мәнері жөнінен біrіn-біrі қайталамайды. Демек, сыншы әдебиетшілердің портретін жасағанда олардың енбегіндегі өзіне ғана тәn ерекшеліктерге ден қоя біldі. Әдебиетші ғалым, сыншылардың бойындағы сол ерекшеліктерді тауып, оны талдай ашып көрсетеді. Олардың шығармашылық тұлғасына сыншының келуі де әр қылы. Біrіnde тақырып, келесісінде тағдыр, тағы біrіnde архивтіk материал, сыншының ендігі біrі өзінің кунделігі, хаттары арқылы ашылады. Мәселеге нақтырақ келсек, Б.Кенжебаев тұлғасы оның қазак әдебиеті үшін басын бәйгеге сан рет тіккен курескерлік рухы арқылы ашылады, М.Қаратаев 1937 жылды өзі де «жау» іздел қателескен, өзі де «окау» қатарында азап шеккен тұлға ретінде, Р.Бердібай ұltышыл тұлға, Т.Қәкішев архивтіk дерекпен сейлейтіn ғалым, Төлеген мінезді сыншы, Сағат философиялық ойға бейіm сыншы ретінде тұлғаланады. Отыздан аса бере o дүниеліk болған Қалжан Нұрмаханов сонына қалдырған азын-аулак кунделіk жазбалары, Ш.Айтматовпен жазысқан хаттары арқылы ашылады. Кезінде «Парасат поэзиясы» аталған сыншы мақаласы «Лениншіl жас» газетінің екі номерінде жарияланған мәліm. Сын тақырыбы, сыншы тағдыры жайында аса біr тебіrenіспен жазылған Қ.Ергебек мақаласына «Осы ретте жас сыншыларымыздың этикасы мен эстетикасындағы жақсы біr нышанды бөліp айтқымыз келеді. Болашақта бұl нышан дәстүрге айналып жатса құba-құp болар еді. Ол кейбіr жас сыншыларымыздың aғa ұrpak – алдыңғы ұrpakқа деген байсалды қөзқарасы, оның ішінде өмірдің қatal заңы өткен шақпен атауга мәжбүr еткендердің толымды творчествосы туралы жылды iлтиpatпен жазған мақалалары, атап айтқанда Қ.Ергебековтың «Лениншіl жас» газетініn (21-23 июль, 1979 ж.) екі номерінде белгілі сыншы Қалжан Нұрмаханов туралы жарияланған «Парасат поэзиясы» деген парасатты мақаласы біlімдіlіkпен, адамгершіlіk рухпен жазылған», – деп Сағат Әшімбаев сексеніnші жылдың басында жоғары бағалаған екен.

Аға буын тарапынан осындай қолдаудың әсері болар, кейіn сыншы «Арыстар мен Ағыстар» (төртіnші kіtап) атап, біr томдықты толайым әдебиеттану мен сын әлеміне арнап еді. Онда жоғарыда айтқан сыншылар

портретімен бірге, қазақ әдеби сынның қалыптасуынан («Жанр жүріп өткен жол»), сынның жылдық нәтижесін қорытуға («Қазақ әдебиеті» - қадірлі так, қасиетті мінбер», «Жылдар мен жемістер»), жанрдың асылы мен жасығын саралау («Жауапкершілік мінбесінен», «Бір кітап және бірегей серия»), сын жайындағы баспасөз бетіндегі айтысқа араласу («Жазушы мен сыншы ынтымағы қажет»), сын кітаптарын сынау («Тұлғалау ма, сұлбалau ма?»), табысты туындыны талдау («Кос өрім», «Санадағы жаралар») толғакты мақалалар орын алған.

Мақалалардың дені кезінде Қазақстан Жазушылар одағы әдеби жыл қорытындысында жасаған баяндамалар. Баяндамаларда батыл-батыл ойлар айтылған. «Көрнекті жазушымыз Ә.Нұрпейісов бір мақаласында Шәкәрім Құдайбердиевті атап өтті. Орталық «Литературная газета» қорықпай-ақ жариялады. Ғалым М.Магауин Ленинградта шықкан «Поэты Казахстана» дейтін антологияға Ш.Құдайбердиевтің өлеңдерін енгізді. Түсініктеме жазды. «Орталық» баспа баспа тартқан жоқ. Ал, қазақ тіліндегі газет-журнал әлгі авторлардың атын естігеннен ат-тонын ала қашады. Сонда біреуін ғана атап отырған, бірегей жабулы жатқан қаламгерлерді кім ашып, ак-қарасын кім ажыратады?» (210 бет) – депті сыншы 1980 жылы 15 қазан күні жасаған баяндамасында. Кеңес үкіметі тарамай тұрып айтылған батыл сөз. Сексенінші жылы бұлай сөйлеу үшін жанкештілік керек болатын... Сыншы Қ.Ергебек бойынан сол батылдық кезінде табылды.

Сондай-ақ, абырой, атақтан кем де емес талай бедел иесін аямай-ақ сынап отырыпты. Ғылым Академиясының бір топ ғалымы жазған «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті» (1983) аталатын еңбек жарамсыз шалажансар туынды ретінде сынап, азы сынап, С.Ордалиевтің «Сөз зергері» (1982), Ә.Нарымбетовтың «Қалижан Бекхожин творчествосы» (1983), С.Тәжіғұловтың «Хамит Ерғалиев» (1983), Т.Бейісқұловтың «Қанатты қаламгер» (1983), Ә.Шәріповтың «Сырбай Мәуленов творчествосы» (1983) (бәрі де белгілі бедел иелері) аталатын бір топ сын, зерттеу еңбектерін қатты сынап, тас-талқан еткен десе болады. Тіпті халтуралық дүниелер деген пікірге келеді. Мақаланың «Тұлғалау ма, сұлбалau ма?» – деген атына сай түзdyкты сынайды. Кемшілікке оқырманның көзін жеткізе дәлелдейді. Эстетикалық өрелілікке үндейді.

Қ.Ергебек өзге жанр секілді, сын жайында жазғанда да дерек, документті онтайлы пайдаланады. Сондықтан, оның жазғандары әдеби сын мен деректі шығарма шебінде жазылады. Бәлкім «деректі әдебиеттану» шығар. Сын мақалаларында фабула бар. (Б.Кенжебаевқа арналған тарауды қараныз). Қай еңбегі де көркем тілмен оқырманың ынтықтыра жазылады. Мақалаларының композициялық бітіміне, формасына жіті зер салады. Сондықтан толғаныстары тартымды шығады. Қызығып оқылады. Ойландырады. Әдетте, сын кітабы – әр жанр басын бір шалған, әр кезде жазылған мақалаларының басын ілп қосқан құранды болып келер еді. Құлбек Ергебек – тақырыптық тұтас кітап жасаудың шебері. «Арыстар мен ағыстардың» бір кітабының бастан-аяқ әдебиеттану мен сынға арналуы – осының айғабы. «Арыстар мен ағыстар» – әдебиеттану жайлы – әдебиеттану, сын жайын – сын еңбегі. Әдетте мұндай кітап оқылмаса керек

еді. Қ.Ергөбектің кітабы жүрдек оқылады, жүйрік ойларға жетелейді. Бұл – шеберліктен туындаитын жэйт. Көрнекті әдебиет сыншысы Құлбек Ергөбектің «Арыстар мен ағыстар» кітабы – көркем әдебиетті жарлай насихаттай жүріп, өздері ұмыт қала беретін әдебиеттанушылар еңбегін көрсететін сауапты кітап. Эрі автордың толысып, шеберлігінің шындалуының айқын көрінісі. Сарабдал сыншының өткір жанрдың өрісін анықтаған еңбегі – шығармашылық үлкен табысы! Салмақты кітап – сын сардарының табысы, әдебиет табысы!

Сыншы Құлбек Ергөбек жайында көп айтуға, көп жазуға болады. Бізге дейін де сыншы еңбегі жайында аз жазылмаған. Б.Кенжебаевтың «Тұсау кесер» мақаласынан бастап Ш.Айтматов, Ә.Яхубов, Н.Фазылов, А.Акматалиев, Н.К.Зейбек сынды туысқан халықтар классик жазушылары, әдебиетшілері, Ә.Кекілбаев, Ш.Мұртаза, С.Шаймерденов, Д.Исабеков, Т.Әбдік, З.Қабдол, С.Кирабайұлы, Т.Кәкішев, М.Әлімбайұлы, Г.К.Бельгер, Р.Бердібай, Ә.Хайдар, Ә.Айтбайұлы сынды қазақ әдебиетінің әр деңгейдегі «алыптары» арнағы мақалә жазған, әр ыңғайда арнағы пікір айтқан ол жайында.

Соның баршасын ойша қорытып, сыншы еңбектерін қайталап бір оқығанда келген қорытындымыз – Құлбек Ергөбек қазақ әдебиеті сын санлағы, сын сардары!

Айтқұл ДОСЫБАЕВА

Филология ғылымының кандидаты,
аға ғылыми қызметкер.

Сыншы Құлбек Ергөбектің кітаптары:

1. Сәбит Мұқановтың мемориальдық музей-үйі, Мемориальный дом-музей Сабита Муканова. Алматы, «Өнер», 1978 ж.
2. Жан жылуы (С.Мұқановтың шығармашылық лабораториясы). Алматы, «Жалын», 1981 ж.
3. Мейірім шуағы (Қазақ балалар поэзиясы жайында сын кітабы). Алматы, «Жазушы», 1985 ж.
4. Сылдырап өңкей келісім... (Қазақ поэзиясы антологиясы). Алматы, «Мектеп», 1986 ж.
5. Қазақ совет балалар жазушылары. Алматы, «Жалын», 1987 ж.
6. Сәбит Мұқанов. Алматы, «Мектеп», 1989 ж.
7. Сәбит Дөнентаев. Бозторғай. Алматы, «Мектеп», 1989 ж.
8. Баянғұмыр (Қазақ мемуары жайында монография). Алматы, «Жазушы», 1991 ж.
9. Жақсылдан қалған сез. Алматы, «Жалын», 1991 ж.
10. Өтебай Тұрманжанов. Алматы, «Рауан», 1992 ж.
11. ХХ ғасыр басындағы әдебиет. Алматы, «Білім», 1993 ж.
12. Шыңғыс шыны (Ш.Айтматов туралы). Шымкент, «Жібек жолы», 1999 ж.
13. Чыңғыз чокусу (Ш.Айтматов туралы). Қырғыз тіліне аударған Құшубек Омуралиев. Бишкек, 1999 ж.
14. Сәбит Мұқанов (Мақалалар жинағы). Алматы, «Санат», 2000 ж.
15. Жазушы шеберханасы (Сәбит Мұқанов). Алматы, «Қаз Ақпарат», 2000 ж.
16. Сәбит Мұқанов туралы естеліктер. Астана, «Елорда», 2001 ж.
17. Қазымбет Дәрімбайұлы. Астана, «Фолиант», 2001 ж.
18. Арыстар мен ағыстар I т. (Қазақ өлеңі хақында). Астана, «Таным», 2003 ж.
19. Арыстар мен ағыстар II т. (Қазақ карасөзі жайында). Астана, «Таным», 2003 ж.
20. Арыстар мен ағыстар III т. (Қазақ балалар әдебиеті мәселелері). Алматы, «Өркениет», 2003 ж.
21. Арыстар мен ағыстар IV т. (Әдебиеттану, сын әлемі). Алматы, «Қазығұрт», 2003 ж.
22. Арыстар мен ағыстар V т. (Шеберлік шеберханасы). Астана, «Фолиант», 2004 ж.
23. Қазақ мақал-мәтелдері. Түркістан, «Тұран», 2004 ж.
24. Арыстар мен ағыстар VI т. (Қазақ мемуарына арналған мақала, зерттеу). Түркістан, «Тұран», 2006 ж.
25. Езувчи ижодхоносида (Жазушы шеберханасы). Өзбек тіліне аударған Мехмон Исламқұлов. «Турон», 2007 ж.
26. Абадият ва адабият (Қазақ балалар әдебиеті жайынан). Өзбек тілінде. Түркістан, «Турон», 2008 ж.
27. Тәжібаев Ә. Шығармалар. 1-3 томдық. Алматы, «Ана тілі», 2009 ж.

28. Қаратаев М. Шығармалар. 1 томдық. Алматы, «Ана тілі», 2010 ж.
29. Кенжебайұлы Б. «Түрік қағанатынан бүгінге дейін...». 1-5 томдық. «Әсем-систем», 2010 ж.
30. Түрікстан жинағы. 1-кітап. Түркістан, «Тұран», 2010 ж.
31. Түрікстан жинағы. 2-кітап. Түркістан, «Тұран», 2010 ж.
32. Түрікстан жинағы. 3-кітап. Түркістан, «Тұран», 2011 ж.
33. Түрікстан жинағы. 4-кітап. Түркістан, «Тұран», 2012 ж.
34. Ve.. Bozkır Ses Verdi (Түрік тіліне аударған Жемал Шафак). 2012 ж.
35. Өлеңсөз (Қазақ поэзиясы туралы ойлар) I т. Алматы, «Ел-шежіре», 2012 ж.
36. Түрікстан жинағы. 5-кітап. Түркістан, «Тұран», 2013 ж.
37. Сарасөз (Әдебиеттану, сын әлемі). Алматы, «Қазақстан», 2013 ж.
38. Қарасөз (Қазақ прозасы туралы толғаныстар). Алматы, «Ел-шежіре», 2013 ж.

Құрастырып, алғы сөзін жазған кітаптары:

39. С.Мұқановтың 16 томдық таңдамалы шығармалар жинағына түсініктеме. С.Мұқанов, 16 томдық. 16 т. Алматы, «Жазушы», 1980 ж.
40. Мұқанов С. «Балуан шолақ». Алматы, «Өнер», 1980 ж.
41. Жастар жастар туралы. Алматы, «Жалын», 1981 ж.
42. Мұқанов С. «Әңгімелер». Алматы, «Мектеп», 1983 ж.
43. Сөзстан (Төргінші кітап. Аударма, тәлтума материалдар). Алматы, «Жалын», 1983 ж.
44. Кәдімгі Сәбит Мұқанов (С.Мұқанов туралы естеліктер кітабы). Алматы, «Жазушы», 1984 ж.
45. Кенжебаев Б. Жылдар жемісі (Әдеби сын мақалалар, естеліктер). Алматы, «Жазушы», 1984 ж.
46. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. Алматы, «Жазушы», 1986 ж.
47. Сылдырап өңкей келісім... (XX ғасырдағы қазақ поэзиясының үздік үлгілері). Алматы, «Мектеп», 1986 ж.
48. Қебеев С., Торайғырұлы С., Жомартбаев Т. романдары. Алматы, «Жалын», 1986 ж.
49. Қазақ романы. Алматы, «Мектеп», 1986 ж.
50. Мұқанов С. «Палван чолақ» («Сәнъитимизниң намайәндиси») Ауд. Құрбан Тоқтамов. Алматы, «Мектеп», 1987 ж.
51. Шынашак (Қазіргі қазақ балалар поэзиясының антологиясы). Алматы, «Балауса», 1992 ж.
52. Сұлтанмахмұт Торайғыров (Академиялық басылым) I, II томдар. Алматы, «Ғылым», 1993 ж.
53. Кенжебаев Б. «XX ғасыр басындағы әдебиет». Алматы, «Білім», 1993 ж.
54. XX ғасыр басындағы әдебиет (Оқу құралы). Алматы, «Білім», 1994 ж.
55. Кенжебаев Б. «Асау жүрек». Алматы, «Рауан», 1995 ж.
56. Б. Кенжебайұлы. «Тымпи». Түркістан, «Тұран», 2004 ж.

57. Қазақ мақал-мәтелдері. Түркістан, «Тұран», 2004 ж.
58. Кенжебаев Б. «Түрік қағанатынан бүгінге дейін...». Алматы, «Ана тілі», 2004 ж.
59. Кенжебаев Б. «Асай жүрек». Алматы, «Ордабасы», 2004 ж.
60. Кенжебаев Б. Библиографиялық көрсеткіш. Түркістан, «Тұран», 2004 ж.
61. Қазақ мақал-мәтелдері. Түркістан, «Тұран», 2004 ж.
62. Тәжібаев Ә. Шығармалар. III томдық. 1-3 том. Алматы, «Ана тілі», 2009 ж.
63. Б.Кенжебайұлы. «Түрік қағанатынан бүгінге дейін...». Бес томдық. I том. Алматы, «Әсем-систем», 2010 ж.
64. Қаратаев М. I томдық шығармалары. I том. Алматы, «Ана тілі», 2011 ж.
65. Рух сарбазы (Өзбекәлі Жәнібек туралы естеліктер жинағы). Алматы, «ҚазАкпарат», 2011 ж.
66. Балуан баба (Қажымұқан Мұңайтпасұлының туғанына 140 жыл толуына орай құрастырылған естеліктер жинағы). Түркістан, «Тұран», 2011 ж.
67. Бейсембай Кенжебайұлы: Өнегелі өмір. Алматы, «Қазак Университеті», 2013 ж.

Аударма енбектер

- Andres Jaaksoo «Белгісіз солдат (жауынгер) аланы». «Күншуак» (Эстон жазушыларының әңгімелері). Құрастырылған Andres Jaaksoo. Алматы, «Жалын», 1980 ж.
- Аланқай (Эстон жазушысының әңгімесі). «Күншуак». «Жалын», 1980 ж.
- Сібір ертегілері (Аудармалар). Алматы, «Жалын», 1987 ж.
- Хеверик (Тыва ертегісі). Сібір ертегілері. Алматы, «Жалын», 1987 ж.
- Мергэн және оның достары (Нанай ертегісі). Сібір ертегілері. Алматы, «Жалын», 1987 ж.
- Жол ертегісі (Ненец ертегісі). Сібір ертегілері. Алматы, «Жалын», 1987 ж.
- Жел иесі (Ненец ертегісі). Сібір ертегілері. Алматы, «Жалын», 1987 ж.
- Алтын жер («Золатая земля» кітабынан аударылды) //«Қазақ әдебиеті», 2000 ж.
- Крамов И. (С.Мұратбеков туралы мақаласы аударылды) //«Лениншіл жас», 1980 ж.
- Стриндберг Ю.А. «Қызыл бөлме», «Хемсе аралының тұрғындары», Новеллалар. Аударма (Әлем әдебиеті кітапханасы). Астана, «Таным» 2012 ж.

Жинактарда, оқулықтарда жарияланған алғы сөздер, мақалалар

- Сәбеннің кейіпкері. «Жастықтың жарқын іздері» (Мақала, очерк жинағында) //Алматы, «Жалын», 1978 ж.
- Өнерпаздың өміршен бейнесі. Мұқанов С. «Балуан Шолақ». Алматы, «Өнер», 1980 ж.
- Күлкі сыры (Қазақ сатирасы туралы сөз). Жастар жастар туралы. Алматы, «Жалын», 1981 ж.
- Күлкі сыры. Жастар жастар туралы. Алматы, «Жалын», 1982 ж.
- Сәбит Мұқановтың әңгімелері. Мұқанов С. «Әңгімелер». Алматы, «Мектеп», 1983 ж.
- Мейір гүлдеген жүрек. Сөзстан. Алматы, «Жалын», 1983 ж.
- Сәбит Мұқановтың әңгімелері. Соңғы сөз (Б.Кенжебаевпен бірге). Мұқанов С. «Әңгімелер». Алматы, «Мектеп», 1983 ж.
- Қарымды сыншы (Қ.Нұрмаханов әдеби мұрасы жайында). Сөзстан 5-ші кітап. Алматы, «Жалын», 1984 ж.
- Сыдықбеков Т. Екі елге етene (аударма). Кәдімгі Сәбит Мұқанов. Алматы, «Жазушы», 1984 ж.
- Мұқанов М. Тағылым (Әкесі туралы естелігі) (аударма). Кәдімгі Сәбит Мұқанов. Алматы, «Жазушы», 1984 ж.
- Хамиди Л. «Қазақ вальсі» қалай туды?. Кәдімгі Сәбит Мұқанов. Алматы, «Жазушы», 1984 ж.
- Бекішев Х. Абзal аға (Жазып алған Қ.Ергөбек). Кәдімгі Сәбит Мұқанов. Алматы, «Жазушы», 1984 ж.
- Жантөрин Н. Жылы жүрек, нұрлы ақыл (Жазып алған Қ.Ергөбек). Кәдімгі Сәбит Мұқанов. Алматы, «Жазушы», 1984 ж.
- Қожамияров Қ. Екінші Шоқан еді (Жазып алған Қ.Ергөбек). Кәдімгі Сәбит Мұқанов. Алматы, «Жазушы», 1984 ж.
- Майқанова С. Қарапайымдылық (Жазып алған Қ.Ергөбек). Кәдімгі Сәбит Мұқанов. Алматы, «Жазушы», 1984 ж.
- Наурызбаев Х. Өнер қамқоры (Жазып алған Қ.Ергөбек). Кәдімгі Сәбит Мұқанов. Алматы, «Жазушы», 1984 ж.
- Исмаилова Г. Бір үзік сыр (Жазып алған Қ.Ергөбек). Кәдімгі Сәбит Мұқанов. Алматы, «Жазушы», 1984 ж.
- Ногайбаев Ы. Өмірі - өнеге (Жазып алған Қ.Ергөбек). Кәдімгі Сәбит Мұқанов. Алматы, «Жазушы», 1984 ж.
- Кенбаев М. Сағынамын күн сайын... (Жазып алған Қ.Ергөбек). Кәдімгі Сәбит Мұқанов. Алматы, «Жазушы», 1984 ж.
- Тұсініктер (Тұзген, жазған. Қ.Ергөбек). Кәдімгі Сәбит Мұқанов. Алматы, «Жазушы», 1984 ж.
- Қолжазбадан кітапқа немесе жабық рецензияның ашық сипаты (Ақын Жұматай Жақыпбаев туралы). Беталыс. Алматы, «Жалын», 1984 ж.
- Тіл өнері. Уақыт және қаламгер. Алматы, «Жазушы», 1984 ж.

- **Тағдыр толғауы.** Сөзстан б-шы кітап. Алматы, «Жалын» баспасы, 1985 ж.
- **Тағдырлар толғауы** (Д.Исабеков шығармашылығы хақында). Сөзстан. Алматы, «Жалын», 1985 ж.
- **Жаңа жанр бастауы** (С.Көбеев, С.Торайғырұлы, Т.Жомартбаев романдарының жинағына алғы сөз. Б.Кенжебайұлымен бірге). Алматы, «Жалын», 1986 ж.
- **Деректі проза: жетістіктер мен кемшіліктер.** Уақыт және қаламгер. 12-ші жинақ. Алматы, «Жазушы», 1986 ж.
- **Балажанды жазушы** (Қ.Әбдіқадыров туралы). Қазақ совет балалар жазушылары. Алматы, «Жалын», 1987 ж.
- **Сергек сезім.** (Қ.Мұқышев туралы). Қазақ совет балалар жазушылары. Алматы, «Жалын», 1987 ж.
- **Бала тілін тапқан** (Н.Әлімқұлов туралы). Қазақ совет балалар жазушылары. Алматы, «Жалын», 1987 ж.
- **Бөбек деп, өбектеп өткен талант...** (Ж.Смақов туралы). Қазақ совет балалар жазушылары. Алматы, «Жалын», 1987 ж.
- **Шаншар атай шындығы** (Ә.Қалдыбаев туралы). Қазақ совет балалар жазушылары. Алматы, «Жалын», 1987 ж.
- **Балаларға базарлық** (Библиография). Қазақ совет балалар жазушылары. Алматы, «Жалын», 1987 ж.
- **Хат жаздым қалам алып...** «Жан сұлулығы» жинақ. Алматы, «Мектеп», 1987 ж.
- **Сәнъитимизниң намайәндиси** (Өнерпаздың өміршеш бейнесі) аударған Қ.Тоқтамов. Мұқанов С. Палван чолақ. Алматы, «Жазушы», 1987 ж.
- **Даланың алыбы мен ғалымы туралы туындылар.** Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы. Алматы, «Жалын», 1989 ж.
- **Қазақ өлеңінің бозторғайы.** Дөнентаев С. Бозторғай. Алматы, «Мектеп», 1989 ж.
- **Ғұмырнамалық проза және кейіпкер.** Уақыт және қаламгер. Құрастырған Б.Сарбалаұлы. Алматы, «Жазушы» баспасы, 1989 ж.
- **Арман ғұмыр, аяқталмаған эпопея.** Сәбит Мұқанов тағылымы. Алматы, «Жазушы», 1990 ж.
- **Сылдырап акқан бұлақтай.** Шынашақ (Қазақ балалар поэзиясының антологиясы). Алматы, «Балауса», 1992 ж.
- **Ғалымның хаты...** Б.Кенжебаев «XX ғасыр басындағы әдебиет». Алматы, «Білім», 1993 ж.
- **Жанын жалау еткен** (С.Әшімбаев туралы естелік). Күлкінді жүрміз сағынып. Алматы, Қазақстан Жазушылар одағының «Шабыт» баспасы, 1993 ж.
- **Ояну дәуірінің әдебиеті.** «XX ғасыр басындағы әдебиет». Алматы, «Білім», 1994 ж.

- **Миуалы шақ.** Профессор Сүйінішәлиев Ханғали Жұмашұлы. Алматы, «Жалын», 1994 ж.
- **Сұлтанмахмұт үшін сор кешкен.** Б.Кенжебаев «Асау жүрек». Алматы, «Рауан», 1995 ж.
- **Алғы сөз.** Мәрзия Сейітқазықызы «Адалдық пен адамдық жолында». Алматы, «Ана тілі», 1995 ж.
- **Алғы сөз.** Хәзіретәлі Маханұлы «Бегайдар Жантөреұлы Арапбаев» Алматы, «Ғылым», 1996 ж.
- **Отызыншы жылдардағы қазақ әдебиеті (шолу).** «20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті». Алматы, «Ғылым», 1997 ж.
- **Берекелі бетбұрыс.** Сын сарбазы. Алматы, «Алатау», 1997 ж.
- **Тоғысқан тағдырлар** немесе «Дала уалаятының газеті» жарыққа қалай шықты? «Ғалым – библиограф» КР Гуманитарлық Ғылымдар академиясының академигі Ушкелтай Субханбердинаның енбек жолы. Алматы, «Ғылым», 1997 ж.
- **Жанын жалау еткен...** (С.Әшімбайұлы туралы естелік кітабы). Жалындап өтті жас ғұмыр. Алматы, «Ана тілі», 1997 ж.
- **«Абай» романы жарыққа қалай шықты?** Мұхтар мұрасы. Наследие Мухтара. Алматы, «Қазақстан», 1997 ж.
- **Халық қасиетін жанмен үққан...** Шымкент, «Жібек жолы», 1997 ж.
- **Алғы сөз** (Р.Бердібай туралы жинаққа). Кемел ойлы көркем сөз. Шымкент, «Жібек жолы», 1998 ж.
- **Білімпаз.** Қайраткер. Нәзірдің жұлдызы. Түркістан, «Тұран», 1999 ж.
- **Көгершін көктем жырлары.** Бақтыбай Айнабеков «Мәңгілік өмір». Алматы, «ҚазАкпарат», 2000 ж.
- **Сайланып шығар саз керек.** «Өнер өрінде. На вершине». Алматы, ИИА «Айкос», 2000 ж.
- **Қариялар шерткен шежіре.** Қажымұқан қағанаты. Шымкент, «Ордабасы», 2001 ж.
- **Азамат ажары** (Спакұл Малдыбеков туралы). Абыройлы азамат. Алматы, «Тамызық», 2001 ж.
- **Ағаның аманаты.** Нәзірге нәзіл нәзіктік. Шымкент, «Жібек жолы», 2001 ж.
- **Білімпаз.** Қайраткер. Нәзірге нәзіл нәзіктік. Шымкент, «Ордабасы», 2001 ж.
- **Үлкенге іні, кішіге аға – Керекен.** Сыздыков К. Ұстаздық ұлағаты. Алматы, «Ана тілі», 2001 ж.
- **Жастай жалындаған жан.** Сағат (естеліктер). Астана, «Елорда», 2002 ж.
- **Сын тарихына үлес** (Т.Кәкішұлы туралы). Алматы, «Мерей», 2002 ж.
- **Ұстаздық пен ғалымдықты егіз ұштастырып.** (Т.Кәкішұлы туралы) Б.Кенжебайұлымен бірге. Алматы, «Мерей», 2002 ж.
- **Тегеурінді ізденіс, терен із** (Т.Кәкішұлы туралы). Алматы, «Мерей», 2002 ж.

- Абыз ақынды сағындырған еңбек. Әмір Мұсақұлов «Поэзия табиғаты мен тағлымы». Алматы, «ҚазАқпарат», 2003 ж.
- Теріскейім деп тебіренген ақын. Бөргазының Өскені «Сағыныш». Шымкент, «Жібек жолы», 2003 ж.
- Халық даналығы мен азамат ғалым тазалығының үйлесімі. Кенжебаев Б. Асая жүрек (деректі әңгіме, зерттеу, толғам, аударма). Алматы, «Ордабасы», 2004 ж.
- Аманат. Кенжебайұлы Б. Тымпи. Түркістан, «Тұран», 2004 ж.
- Тұрлаулы толғаныс. Кенжебаев Б. «Түрік қағанатынан бүгінге дейін...». Алматы, «Ана тілі», 2004 ж.
- Түркістан деп сокқан жүрегі. Түрік дүниесіне қызмет. Түркістан, «Тұран», 2004 ж.
- Қайраткер. Түрік дүниесіне қызмет. Түркістан, «Тұран», 2004 ж.
- Аксакалдың ақ батасына ақ жол (Елтай Бимаханбетұлына арнау). 2004 ж.
- Алғы сөз. Керімбеков К. Қазактың байырғы мақал-мәтелдері. Түркістан, «Тұран», 2004 ж.
- Қос қанат (Б.Кенжебайұлы туралы). Алаш түү астында (Б.Кенжебаев туралы естеліктер кітабы). Астана, «Фолиант» 2004 ж.
- Мәйек сөзге мән берген. Қазақ мақал-мәтелдері. Түркістан, «Тұран», 2004 ж.
- Іске сәт, Севда қарындас. Севда Талу «Рухани тұыстық шежіресі (Қазақ және түрік әдебиетінің библиографиясы тарихынан). Түркістан, «Тұран», 2004 ж.
- Баянды өткен өмір белестері. Бейсембай Кенжебайұлы. Шығармашылық көрсеткіш. Түркістан, «Тұран», 2005 ж.
- Қой бастаған ақ серкедей... «Арамыздасың, Абдолла!» Құрастырған Талғат Айтбайұлы. Алматы, «Тоганай Т», 2005 ж.
- Сенің сөйлемдерің ән салып тұрады... Аупбаев Ж.Ә. Автограф. Астана, «Елорда», 2005 ж.
- Әміrbаян өрімдері. Өтебай Тұрманжанов туралы естеліктер. Алматы, «Білім», 2005 ж.
- Заманы аямаған, тағдыры аялаған. Өтебай Тұрманжанов туралы естеліктер. Алматы, «Білім», 2005 ж.
